



ҚАЙЫРЫМДЫ
ІСТЕР ЖАЛҒАСА
БЕРЕДІ

2-бет



ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
БАНКРОТТЫҒЫ
ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАЖЕТ

4-бет



ӘБУ НАСЫР
ҚАЗАҚҚА
ҚАЛАЙ ОРАЛДЫ?

16-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№50 (972) 13.12.2021 жыл



АЛМАТЫДА ЖОҒАЛҒАН АРУЛАР

– Жо-жоқ! Ешқандай мәлімет берілмейді... Тергеу ісіне кедергі келтіресіздер... Келте қайырылған суық жауап бар үмітімізді үзіп, қарсы алдымыздан саңылаусыз темір қақпаны тарс еткізіп жаба салғандай, өте бір жайсыз әсер қалдырды.

8-9
бет

ЗЕЙНЕТАҚЫ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ ЗОБАЛАҢ



Қолдан жасалған бұл дүрбелеңнің салымшылардың күні бойы кезекте тұруымен ғана аяқталмайтын түрі бар. Енді адамдар шұғыл түрде сатып алуға баспана іздеуге шыққан. Демек баспанаға деген сұраныс бірден өсіп отыр. Осыған орай оның құны да бірден көтеріледі деген сөз. Оған күмәнданудың қажеті жоқ, біздегі тәжірибеге сүйенсек елімізде баға төмен түспесе де, көтерілуі көзді ашып-жұмғанша болатын құбылыс екені белгілі. Баспана бағасының көтерілетінін осы саланың сарапшылары да айтуда. Жылжымайтын мүлік агенттігінің директоры Асхат Базарбаев осы жарты жылда баспана бағасы тағы да 10-15 пайызға қымбаттайтынын айтады.

3
бет



ТІЛ ТҰҒЫРЫ БЕКІСІН ДЕСЕК...

Жалпыға белгілі, «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген тек заңнамалық құжатта ғана жазылған сөз. Ал Қазақстанда шын мәніндегі мемлекеттік тіл – орыс тілі. Оны мойындауымыз керек. Егер барлық мемлекеттік іс қағаздары негізінен орыс тілінде ғана пайдаланылса, заңымыз орыс тілінде жазылса, жоғары-төмен деңгейдегі жиналыс, басқосулар орыс тілінде өтсе, негізгі қатынас тілі орыс тілі болса, оны мемлекеттік тіл демегенде не дейміз?

6
бет

ПОРА СТАВИТЬ ПАМЯТНИКИ НА РОДИНЕ В КАЗАХСТАНЕ – ПРОМЕТЕЮ, АТЛАНТУ, ПОСЕЙДОНУ И ЙИМЕ-МАЙКЫ...

Одним из самых масштабных и важных проектов нашего независимого государства является программа «Рухани жаңғыру». Эта программа особенно актуальна в наши дни, когда мы подводим итоги за 30 лет Независимости. Как отметил первый президент РК Нурсултан Назарбаев: «Без сохранения национального кода и национальной культуры не будет никакого возрождения».



12
бет

МЕРЕКЕНІҢ «ҮРЕЙІ»: ІЗДЕНІСТЕР, ІРКІЛІСТЕР

10
бет

ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қайырымды істер марафонна қатысушыларды құттықтады.

— Қадірлі достар! Баршанызды Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған Қайырымды істер марафонының табысты аяқталуымен құттықтаймын! Бұл — халқымыздың асыл қасиеттерін дәріптеп, көпшілікті жақсылық жасауға жұмылдыратын жалпыұлттық жоба. Мерейлі жылда елімізде қоғамдық маңызы бар нақты жұмыстар атқарылуда. Осы марафон — соның жарқын мысалы — делінген Президенттің құттықтауында. Ол бастаманы бір жылдың ішінде 3 миллион отандасымыз қолдағанын айтты.

— 15 мыңнан астам қайырымдылық шарасы ұйымдастырылып, 200 мың адамға көмек берілді. Мұның бәрі Мемлекет басшысының ілікті істер жалғасын тауып, дәстүрге айналғанын көрсетеді. Әлемге індет тараған кезде халқымыз



ұлт болып ұйысудың озық үлгісін танытты. Жомарт жандар қарантин шектеулеріне байланысты табысынан айырылған жұртқа қолынан келген көмегін аяған жоқ. Өз қаржысына дәрі-дәрмек мен медициналық құрал-жабдық алып берген азаматтар да аз емес. Шын мәнінде, қиындыққа тап қанымызға қамқорлық жасау — біздің міндетіміз. Сондай-ақ, Президент баспанаға мұқтаж жүздеген отбасына қуаныш

сыйлаған «AsarUme», «Қарекет» қорларының қызметі жоғары бағалауға лайық екенін айтты.

— Мерейтойлық марафон аяқталғанымен, көпшілікке шарапаты тиетін қайырымды істер жалғаса береді деп сенемін. Жұртқа жанашырлық танытып, халыққа қамқорлық көрсетіп жүрген азаматтарға шынайы ризашылықтарды білдірейін. Баршанызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЛАРЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарына мемлекеттік наградаларды табыс етті.

Осы жылдардың біздің еліміз үшін маңыздылығы туралы айтқан Мәжіліс Спикері олардың Қазақстанның қалыптасуы, дамуы және нығаюы үшін маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, Нұрлан Нығматулин Солтүстік Қазақстан облысы

мен тұрғындарының тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне қосқан елеулі үлесіне жоғары баға берді.

Марапатқа ие болғандардың арасында ғалымдар, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, мұғалімдер мен дәрігерлер, жұмысшылар мен құтқарушылар, кәсіпкерлер, әртістер мен спортшылар бар.

«Парасат» орденімен археолог Виктор Зайберт марапатталды. Ол Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы бойынша бірнеше ғылыми жаңалықтардың, көптеген кітаптар мен мақалалардың авторы. Жылқыны қолға үйретудің ең көне ескерткіші саналатын

энеолит дәуірінің «Ботай қонысы» бірегей ескерткішінің ашылуы ғалымға әлемдік танымалдылық әкелген болатын. Ал

«Құрмет» орденімен Петропавл балалар әлеуметтік қызмет көрсету орталығының тәрбиешісі Елена Кислякова, Екпін Әбиев, Қалым Данияров, Абдурахим Нукаев ауылдарын дамытуға қаржылық қолдау көрсетіп отырған фермерлік шаруашылықтардың басшылары марапатталды.

Нұрлан Нығматулин өңір тұрғындарын айтулы күнмен және жоғары наградалармен құттықтай отырып, еліміздің дамуының маңызды кезеңінде жаңа табыстарға жететініне сенім білдірді.

АРДАҚТЫ АНАЛАРҒА ЖӘРДЕМАҚЫ АЛУ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ

«Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқалары бар аналарға жәрдемақы тағайындау тәртібі жеңілдетілді. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау бойынша қызметті проактивті форматта алу тәртібін жеңілдетті.

«Көпбалалы аналардың еңбегін атап өту және лайықты бағалау үшін мемлекет оларды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапаттайды және алқа иелері тиісті мемлекеттік жәрдемақы алады. Көпбалалы аналардың уақытын үнемдеу мақсатында министрлік 2019 жылдан бастап осы жәрдемақыны тағайындау бойынша мемлекеттік қызметтің қысқартылған форматта алуға мүмкіндік береді. Бұл әйелдерді кезекте тұрудан құтқарды, олар мемлекеттік қызметтерді ыңғайлы уақытта және кез келген жерде алады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ғана SMS хабарламаға жауап бере отырып, жәрдемақыны проактивті ресімдеуге келісім береді және банк шотын растайды. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті басқа да мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен түседі», — деді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ербол Оспанов. Осы өзгерістердің арқасында 2021 жылы проактивті қызмет алған көпбалалы аналардың саны — 9 мың адамға дейін өсті.

ТАРИХИ АТАУЛАР ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Мәдениет және спорт министрлігінің Ономастика бөлімі Ақмола мен Жамбыл облыстарының байырғы жер-су атауларына зерттеу жүргізді.

Министрліктің хабарлауынша, тарихи-диахрондық әдісті қолдану арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру жобасы жүзеге асырылып келеді. Былтыр жоба аясында СҚО және Қарағанды облыстарының топонимикалық атаулары зерттелген болатын.

Ел аумағындағы тарихи жер-су атауларын халқымыздың тарихынан ғана емес, дүниетанымы мен ұлттық ұстанымдарынан да хабар беруімен де құнды. Жоба барысында аталған өңірлер кестелі сөздік, сонымен бірге топонимикалық атаулардың өзгеру динамикасы жасалады. Еліміздің барлық 17 өңірінің топонимикалық атаулары, олардың байырғы тарихи атаулары зерттеліп болғанын, 3Д картасын әзірлеу жоспарланып отыр. Бұл карта методикалық көмек ретінде жергілікті әкімдіктерге жұмыс барысында басшылыққа алу үшін таратылады.

Байырғы тарихи атауларды қалпына келтіру барысында жоба зерттеушілері әр облыс бойынша ғылыми-зерттеу нәтижелерімен таныстырып, тұрғындарды хабардар етіп, жергілікті атқарушы органдардың оңтайлы шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл жоба Қазақстанның барлық облысындағы елді мекендердің тарихи атауларын қалпына келтіруге негізделді.

ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗАҚТАР САНЫ АРТТЫ

Мемлекет басшысы Премьер-Министр Асқар Маминді қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жүргізілген Ұлттық халық санағының алғашқы нәтижелері туралы баяндалды.

Асқар Маминнің мәліметі бойынша қазақстандықтардың жалпы саны — 19 169 550 адам.

Отандастарымыздың 48,71 пайызы — ерлер, 51,29 пайызы әйелдер. Қазақстан халқының орта жасы 31,94 жас деп көрсетілген. Жалпы халықтың 33,97 пайызы — 17 жасқа дейінгі балалар, 19,72 пайызы — 14-28 жас аралығындағы жастар. Еліміздегі қазақтардың үлесі — 70,18 пайызға жеткен.

Халықтың 59,05 пайызы яғни 11 320 410 адам еңбекке жарамды деп танылған.

ЛАУАЗЫМДЫ ЖЕМҚОРЛАР АЗАЯР ЕМЕС

Биыл елімізде 1,5 мыңнан астам жемқорлық қылмысы тіркеліп, 1280 адам әшкереленді. Бұл туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов ОКҚ-де өткен баспасөз мәслихатында мәлім етті.

«Биыл 11 айдың қорытындысы бойынша елімізде 1576 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелді. Ең көбі 3 мегаполисте тіркеліп отыр, олар - Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қаласы. Сондай-ақ, Түркістан, ШҚО және Жамбыл облыстары да бар. Ал жемқорлық жиі жасалатын салаларға келсек, ол — алдымен ауыл шаруашылығы, білім, тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік қамтамасыз ету және денсаулық



сақтау. Сыбайлас жемқорлық жасады деген күдікпен 1280 адам әшкереленді, оның 159-ы — әртүрлі деңгейдегі басшылар», — деді Марат Ахметжанов.

Агенттік төрағасының мәліметінше, биыл бір вице-министр, 13 әкім және оның орынбасарлары, 4 судья және 28 облыстық басқарма басшысы парақорлықпен ұсталған. Мемлекет бюджетіне келтірілген 20 млрд. теңгеден астам залал өтелді.

АУЫЛДА ӨНЕР МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Алматы облысының Сарыөзек ауылында 250 орындық өнер мектебі ашылды. Сарыөзек ауылында 4,5 мыңдай оқушы болса, солардың 3 мыңы осы өнер мектебіне келетін болады.

Жаңа шаңыраққа облыс бюджетінен 300 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді. Бұл жерде оқушылар бейнелеу өнеріне машықтанып, би билеп, түрлі аспаптарда ойнап үйренеді. «Осы өнер мектебіне келгеніме қуаныштымын. Мен бұл өнер мектебіне бейнелеуден қатысамын. Мектепке суретті салуды жақсы көргендіктен келдім. Осы өнер мектебінде өзімнің бағымды сынап көрейін деп келдім», — дейді оқушы

Айзере Зуфар. Сарыөзек ауылында ашылған өнер мектебі дарынды балалардың талабын шындейтын өңірдегі 40-шы шаңырақ. Өнер мектебі 40-қа жуық адамды жұмыспен қамтыды. Олардың жартысынан астамы мұғалім. Ұстаздар өздерінің өнерін ата-аналар алдында паш етіп, өздерінің кіл мықты маман екенін көрсетті. «Осы 40 мекемеге 2 млрд. теңге қаражат салып отырмыз. Ендігі жылы кәсіпкерлерді шақырсақ, онда тағы екі млрд. сонымен 4 млрд. осы қосымша білім беру ұйымдарына беріп отырмыз. Бұл үлкен көрсеткіш, үлкен жақсылық деп ойлаймын», — деді Алматы облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жаныл Сүлейменова.

АҚТАУЛЫҚТАР «АНТИВИРУС» ТЕРМИНАЛЫН ОЙЛАП ТАПТЫ

Ақтаудағы Ф.Оңғарсынова атындағы №29 орта мектебінің көркем еңбек пәні және робототехника үйірмесінің мұғалімі Марат Атаназаров оқушысы Жасұлан Шаньтбаймен бірге «Анти-вирус терминал» құрылғысын ойлап тапты.

Жаңа құрылғы аталған мектепке орнатылып, сынақтан өткізіліп жатыр. Антивирус терминалы ең алдымен адамның дене қызуын өлшеп, қолды автоматты түрде ультрадыбыстық датчик арқылы залалсыздандырады. Арнайы тетіктер арқылы балалар мен ересектер үшін бетперде алу мүмкіндігі де қарастырылып, мұнда «Ashyk» қосымшасы орнатылған. «Қазіргі таңда белең алған коронавирус

пандемиясынан құтылудың бірден бір жолы бетперде тағып, қолымызды антисептикпен залалсыздандырып, адамдармен қарым-қатынасты азайту деп дәрігерлер ескертіп жатыр. Осындай терминал барлық білім ошақтары мен балабақшаларда, қоғамдық орындарында тұрса, індеттен тигізеді деп сенемін», — дейді Марат Атаназаров. Терминал адам көп шоғырланатын орындарға қоюға арналған. Басты артықшылығы — автоматтандырылған. Құрылғыны қашықтан бақылап, күтіп-ұстау мақсатында арнайы бейнекамера орнатылған. Өнертапқыштар жуырда өткен «Дарын» ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңінен 1-орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде қарсы алуға дайындалып жатқан қазақстандықтардың мерекелік көтеріңкі көңіл күйін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Бірыңғай жинақтау зейнетақы қоры бір-ақ күнде су сепкендей басып берді. Тұрғындардың талап-тілегін таптап, қыңыр, қырсық шешім шығара салу жағынан біздегі қаржы саласы алдына жан салмайтыны бұрыннан белгілі. Банктік мөлшерлемені аспандатып, несиесін төлей алмағандардың басына бұлт үйіріп, тіпті жалғыз баспанасын тартып алу да үйреншікті жағдай. Оған таңғалудың да қажеті жоқ шығар...

Қолдан жасалған бұл дүрбеленнің салымшылардың күні бойы кезекте тұруымен ғана аяқталмайтын түрі бар. Енді адамдар шұғыл түрде сатып алуға баспана іздеуге шыққан. Демек баспанаға деген сұраныс бірден өсіп отыр. Осыған орай оның құны да бірден көтеріледі деген сөз. Оған күмәнданудың қажеті жоқ, біздегі тәжірибеге сүйенсек елімізде баға төмен түспесе де, көтерілуі көзді ашып-жұмғанша болатын құбылыс екені белгілі. Баспана бағасының көтерілетінін осы саланың сарапшылары да айтады. Жылжымайтын мүлік агенттігінің директоры Асхат Базарбаев осы жарты жылда баспана бағасы тағы да 10-15 пайызға қымбаттайтынын айтады. Оған мына дүрбеленнің де әсері бар екені белгілі. Осы жерде біздің үкімет халыққа қиындық тудыруды әбден

қалай наразылық туындамасын?..

Осы жағдайға байланысты біздің биліктің қандай ойы бар екен? Бұл шешімді кімдер қабылдады? Жаңалық жария болысымен, халықтың наразылығын байқаған журналистер соны анықтауға кірісті. Басында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен БЖЗК өздерінің жаңа шекті мөлшерін есептеуге қатысы жоғын айтып, бастарын ала қашып бір-біріне сілтеп бақты. Зейнетақы жинағының айналасындағы әңгіме үдеп бара жатқан соң министрлік пен БЖЗК өкілдері енді өздерінше түсінік бере бастады. Әдістемені әзірлеумен Серік Шәпкеновтің ведомствосы айналысады екен. Осыған дейін ресми сайттарында жарияланған ақпаратты жоққа шығарып, жауапты қызметкерлерін жазалағанға

бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ұлғайту көзделген. Ең төменгі жалақы қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көбейетін болады. Сондай-ақ, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері және басқа да әлеуметтік көрсеткіштер өсті.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңда «зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі – міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған, ай сайынғы зейнетақыны қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес ең төмен мөлшері деп

тағы да «Ақ жол» партиясы ғана назар аударды. «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев БЖЗК қоғаммен ақылдаспай зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін көтеріп жібергенін бірден қатаң сынға алды. «Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілігінің шекті мәнін айқындау әдістемесін Үкімет бекітеді, оны Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлейді. Бірақ нақты сандар Қордың өз шешімімен бекітіледі. Сондықтан, БЖЗК төрағасының бар мәселені заңнамаға ысырып тастауы – белгілі бір деңгейдегі қулық. Әрбір шенеунік өзі шығарған шешімдерге жауапкершілікпен қарауға және оны нақты дәлелдермен растауға дайын болуы керек деп есептеймін, – деп жазды депутат телеграм каналында. «Жалпы, қазіргі жағдай Қор мен оның бүкіл қоғам болып табылатын инвесторлары арасында кері байланыстың жоқтығын айғақтайды. Меніңше, Қор мұндай маңызды шешімді формулаларды механикалық түрде толтырып, қоғаммен ақылдаспай қабылдамас бұрын оны Үкіметпен, салалық министрлікпен талқылап, қоғамдық аландарда ықтимал тәсілдерді пысықтауы керек еді. Себебі, бұл мәселе жинақтары БЖЗК-ға емес, салымшылардың өздеріне ғана тиесілі болып табылатын миллиондаған азаматтарымыздың тағдырына тікелей қатысты. Қоғам бұл қаражатты жақсы басқару үшін Қорға сеніп тапсырды, ол ашық және адал жүргізілуі керек» – деді А.Перуашев. Депутат мәселені дұрыс көтеріп отыр. Өзінің маңдай терімен тапқан ақшаны әрбір азамат өз игілігіне жаратуға толық құқылы. Бұл қаражатты олар Еңбек министрлігінен немесе БЖЗК-дан қарызға алған жоқ.

Ақыры не керек, халықтың жанайқайы мен осыған байланысты «Ақ жол» партиясының көтерген мәселесін таскерен Үкіметіміз естімесе де, мемлекет басшысының құлағына жетті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке зейнетақы қорындағы қаражатты пайдалануға қатысты шекті межені көтеру мерзімін 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартуға тапсырма берді. «Мемлекет басшысы зейнетақы қорындағы шекті межені асқан қорынша пайдалану үлгермеген азаматтарды қолдап, Үкіметке бұрынғы шекті межені көтеру мерзімін 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартуды тапсырды» – деп жазды бұл туралы Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Б.Уәли.

Сонымен халықты дүрліктеріп, бір жұмаға жуық созылған бұл мәселе де уақытша шешімін тапқан секілді. Уақытша деуге толық негіз бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» демекші, бірінші сәуір де келіп жетер. Сол кезде бұл мәселе қайта көтерілуі әбден мүмкін. Сондықтан адамдарымыздың тұрмысына тікелей әсер ететін осы сұрақты мүлтік қарап, заңдық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдау аса қажет. Тағы бір айта кететін жағдай бар, осы мәселені құрамында бірнеше салалық министрліктері бар біздің үкіметіміз өзі шеше алмайтын жағдайды бұрып, үрлі заң жобаларын дайындап ұсынатын да өздері емес пе?! Әлде оларға кез келген мәселе бойынша депутаттар үнемі сауал жолдап, Президент тапсырма беріп отыруы керек пе? Халыққа қызмет ететін негізгі атқарушы билік саналғандықтан өз адамдарының мүддесіне орай жұмыс істеуді олар қашан үйренеді?..

ЗЕЙНЕТАҚЫ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ ЗОБАЛАҢ



Банктерден қалғысы келмеді ме, бұл жолы халықты әлеуметтік жағынан қорғап-қолдауға міндетті министрлік пен қолында азаматтарымыздың сеніп тапсырған қомақты қаржысы бар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) өз салымшыларын сергелдеңге, бастарын қатырған шырғалаңға салып қойды. Жоқ жерден шыға қалған дүрбеленге ақшаны шешіп алуға болатын жеткіліктілік шектеу мөлшерін бірден екі есеге жуық көтеріп жібергендері себеп болды. Қазір еліміздің барлық аймақтарында қордағы ақшаларын тезірек қолдарына алуға асыққандар айқай-шу шығарып жатыр. Өйткені жылдың соңына дейін ақшаларын алмаса, келер жылдың басында ондай мүмкіндіктен айырылады. Сондықтан дау-дамай мен дүрбелен тудырған жеткіліктілік шектеу мөлшерін тағы ақшаларын алғысы келетіндер қатары соңғы күндер екі есе өскен. Олардың саны еліміз бойынша тек қана төрт күннің ішінде 83 мыңнан асқан. Көбісі баспана алу үшін ақшаларын «Отбасы банкіне» аудармақшы. Солардың бірі Алматылық Бекен Жарқынбаев телеарналардың біріне берген сұхбатында өзі жылдар бойы қорға 6 миллион теңге салғанын, қолданыстағы заң бойынша тиесілі 700 мың теңгесін алып «Отбасы банкіне» аударып, баспана алу үшін алғашқы жарнасын өтемекші екенін айтады. Ал, қазір ақшаны аудармаса келер жылдың басында жеткіліктілік шектеу мөлшері көтерілгенде бір теңге де ала алмайды екен. Жылдың аяғына да санаулы күндер қалғанын ескерсек жұрттың жанталасатындай жөні бар. Банк пен Қордың есігін күзеткендердің көбінің жағдайы осыған ұқсас.

Мысалы, «Отбасы банкінің» Солтүстік Қазақстан филиалына зейнетақы қаржысын аударуға келгендер саны әдеттегіден он есе артқан. Сол сияқты Атырауда да дәл осындай жағдай. Аталмыш банктің Атырау бөлімшесі бастығы Нұрболат Батыровтың айтуынша, олардың қызметкерлері сенбі, жексенбі күндері де таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеуге мәжбүр. Кезекті болдырмау үшін қосымша қызметкерлерді жұмысқа шақыруға тура келген.

шебер меңгеріп алғанын айта кетуіміз керек. Үкімет қарамағындағы түрлі салалық министрліктерде жұртқа жақсылық, жеңілдік жасай қоялық деген таза ниет атымен жоқ сияқты. Қандай шешім қабылдаса да қара халықты қан қақсатады. Сонда олар атқарушы билік ретінде кімге қызмет етіп жатыр? Бұл сұрақты тура қоймасқа амалымыз жоқ.

Қазақстан Президенті 2-қаңтарда елімізде экономикалық өсімді қайта қалыптастыру мақсатында ҚР кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы заңға қол қойғаны белгілі. Онда зейнетақы қорынан қаржы шешіп алу мәселесі де қарастырылған. Ал 1-қыркүйекте Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі ең төмен жалақыны көтеру туралы шешім қабылдады. Яғни, бұрынғы 42 500 теңгелік орнына 60 мың теңге мөлшері белгіленді. Енді міне сол жақсылықтың соңын ала желтоқсан айының басында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен БЖЗК зейнетақы қорынан ақшаны алу есептік шектеу мөлшерін екі есеге жуық көтергендері жариялады. Жеткіліктілік шектеу мөлшерін екі есеге көтерсе, қарапайым арифметикалық есеп бойынша төменгі жалақы да 85 мың болуы керек қой. Сөйтіп салымшылар өз ақшасына өзі қол жеткізе алмай қалды. Әрине, бұл шешім көпшіліктің наразылығын тудырды. Ақшасын алу үшін енді салымшының есебінде кем дегенде 3 миллион теңге болуы міндет. Бұрынғы жеке 1,7 млн. теңге деңгейінде болатын. Алдынала есептеулер бойынша жаңа жылдан бастап салымшылардың 150 мыңы ғана артық ақшасын алар мүмкіндігі бар. Бұл зейнетақы қорына ақша аударатын еңбекшілердің үштен бірі ғана. Ашығын айтсақ осы өзгерту алдымен жас отбасыларына үлкен соққы болып отыр. Өйткені, баспана алу үшін алғашқы жарнаны төлеу мүмкіндігінен айырылады. Негізгі зейнетақы қорынан ақша шешу баспана алу, емделу, балаларын оқыту сияқты нақты сегіз мақсатқа қана рұқсат етіледі. Қарапайым тұрғындар көпшілігі енді сол жеңілдіктен де құр қалып отыр. Одан кейін халық тарапынан

да ұқсайды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2021 жылдың 7 желтоқсанында таратылған баспасөз релизінде зейнетақы жинағының ең төменгі жеткіліктілік шегін белгілеу мәселесінде министрлік құзыретіне қатысты бұрыс тұжырымға жол берілгенін хабарлады. Ал 8 желтоқсандағы жағдай бойынша әдістемеге өзгерістер енгізілген жоқ және жоспарланбаған, өйткені оның ағымдағы нұсқасы қазақстандықтарға болашақ зейнетақы төлемдерін қолайлы деңгейде қамтамасыз етудің қажетті өлшемдеріне толық сәйкес келетінін айтады. Еңбек министрлігі жеткіліктілік шегі жыл басындағы ең төменгі жалақы мөлшерімен автоматты түрде қайта есептелетінін алға тартты. Зейнетақы қорындағы ақшаның ең төменгі шегін айқындау ережесін Үкімет 2021 жылдың қаңтарында бекіткен екен. Министрлік соған сүйеніпті-мыс. Сонда осы жаңа әдістемені Үкімет құрамындағы қай министрлік әзірлеген? Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұған ешқандай қатысы жоқ деу қисынға келмейді. Өйткені жаңа әдістемені қай министрлік әзірлесе де халықтың тұрмыстық жағдайына тікелей әсер ететін мәселе болғандықтан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұған жауапты болуы керек. Бұл мәселеге олар алдымен осы тұрғыдан қарауы қажет.

«БЖЗК» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов та қарап қалмай осы жағдайға қатысты түсініктеме берді. «2021 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына қол қойылды, онда 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап

белгіленген.

Ең төмен жеткіліктілік шегі (ТЖШ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 2 қазанындағы №1042 қаулысымен бекітілген Әдістемеге 2021 жылдың 6 қаңтарындағы өзгерістерімен және толықтыруларға сәйкес жыл сайын қайта есептеліп отырады және БАҚ-та жарияланады. Бекітілген Әдістемеге сәйкес, ТЖШ мөлшері Әрбір жас ерекшелігі үшін анықталады және болашақ зейнетақы төлемдері мен зейнетақы жарналарының өсуін ескереді. Есептеуде ҚР «Республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес жыл сайын индекстелетін ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі күнкөріс деңгейі сияқты әлеуметтік көрсеткіштер қолданылады. Осыған байланысты ТЖШ мөлшері аталған көрсеткіштердің жыл сайын өсуін ескере отырып есептеледі. Бұл көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты Үкіметтің қолданыстағы қаулысына сәйкес 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ТЖШ шамалары қайта есептеледі. ТЖШ асағын сомасы бар азаматтар өз жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту, емделуге ақы төлеу, сондай-ақ, жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін пайдалана алады» – дейді «БЖЗК» АҚ Басқарма төрағасы. Бұл да жалпылама жауап.

Байқап отырғандарыңыздай, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен БЖЗК Үкімет қаулысына иек артып, ақталып отыр.

Қыспаққа түскен қарапайым тұрғындармен қоса, мәжілісмендер де шенеуніктердің мұндай жауабына мүлдем қанағаттанған жоқ. Әдеттегідей, біздегі көп партиялардың қатарынан халықтың жанайқайына

БҰЛ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫСЫ!

АЗАТ ПЕРУАШЕВ БЖЗҚ БАСШЫЛЫҒЫН СЫНҒА АЛДЫ

«Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев БЖЗҚ қоғаммен ақылдаспай зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін көтеріп жібергенін сынға алды. Бұл туралы «Қазақ үні» ақпарат агенттігі хабарлады. Депутаттың айтуынша, зейнетақы жинақтарының нақты ең төменгі жеткіліктілік шегі ешбір заңда белгіленбеген.

– «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң тек «жинақталған зейнетақы қаражатының ең төменгі жеткіліктілігінің шегі» ұғымының өзін ғана анықтайды, сонымен қатар ол ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен болмауға тиіс. Ең төменгі

зейнетақы мөлшері уәкілетті органдардың, яғни, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, өз кезегінде ол ведомстволық бағынысты құрылымдар, оның ішінде БЖЗҚ-ның есептеуі негізінде Үкімет әзірлейтін «Бюджет туралы» заңмен белгіленеді. Оған қоса, тіпті белгіленетін норманың өзі (ең төменгі зейнетақы мөлшері) мемлекеттік органдардың ұсынысымен анықталады. Сондықтан, зейнетақы жинақтары жеткіліктілігінің белгілі бір мөлшерін анықтау үшін заңға да, заң тармақтарына да жатпайтын арнайы есептеу әдістемесі бар, – деп жазды Азат Тұрлыбекұлы телеграм каналында.

Ол, сондай-ақ, зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілігінің шегін көтеру себептерін заңға ысырған БЖЗҚ төрағасының жұмысына да сын айтты.

– Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілігінің шекті мәнін айқындау әдістемесін Үкімет бекітеді, оны Еңбек және халықты



әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлейді. Бірақ нақты сандар Қордың өз шешімімен бекітіледі. Сондықтан, БЖЗҚ төрағасының бар мәселені заңнамаға ысырып тастауы – белгілі бір деңгейдегі қулық. Әрбір шенеунік өзі шығарған шешімдерге жауапкершілікпен қарауға және оны нақты дәлелдермен растауға дайын болуы керек деп есептеймін, – деді депутат.

Халық қалаулысының пікірінше, Қор басшылығы қаражаттың жетіспеушілігін тіркесе, онда болашақ зейнеткерлер өз депозиттерін басқару сапасы мен Қордың өзіндік шығындарын оңтайландыру туралы сұрауға құқылы.

– Жалпы, қазіргі жағдай Қор мен оның бүкіл қоғам болып та-

былатын инвесторлары арасында кері байланыстың жоқтығын айғақтайды. Меніңше, Қор мұндай маңызды шешімді формулаларды механикалық түрде толтырып, қоғаммен ақылдаспай қабылдас бұрын оны Үкіметпен, салалық министрлікпен талқылап, қоғамдық аландарда ықтимал тәсілдерді пысықтауы керек еді. Себебі, бұл мәселе жинақтары БЖЗҚ-ға емес, салымшылардың өздеріне ғана тиесілі болып табылатын миллиондаған азаматтарымыздың тағдырына тікелей қатысты. Қоғам бұл қаражатты жақсы басқару үшін Қорға сеніп тапсырды, ол ашық және адал жүргізілуі керек, – деп түйіндеді А. Перуашев.

Қазақ үні



ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАЖЕТ

ҚР Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайыловқа жолданған сауалды Мәжіліс депутаты А.Әбілдаев мәлімдеді.

Қазақстан халқының банктердің алдындағы берешегі күн санап артып бара жатыр. Қазіргі уақытта, халықтың 27 пайызы – банктерге борышкер. Олардың ипотекалық несиедегі берешегі 2,716 трлн. теңгеге жетіпті. Тұтынушылық мақсаттарға алынған несие 5,19 трлн. теңге болса, мерзімі өткен берешек 199 млрд. теңгені құрап отыр.

Елімізде заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заң бұрыннан жұмыс істеп келеді. Ал, жеке тұлғалардың, яғни қарапайым азаматтардың банкроттығы туралы заң жоқ.

«Ақ жол» партиясының депутаттары «жарғақ құлағы жастыққа тимей» бұған дейін «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасы керек» – деп жүргеніне он шақты жыл болды. Бұл бастаманы сол кезде Қаржы министрлігі іліп әкеткенімен, әлі күнге дейін үнсіз қалып, Үкіметтен де қолдау таппай отырмыз. Ал, халық қарызға белшесінен батып барады. Әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң олардың банкроттығы туралы қоғамымызға да аталымыш заңның қажеттілігі өткір болып тұр.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, еліміздің өркендеуіне өз үлесімізді қосамыз деп, жалғыз пәтерін кепілдікке қойып, өз істерін бастаған азаматтардың қазіргі таңда 90 пайызы несие алып, көпшілігі оны қайтар алмай банкрот болды. Бұл жағдай әсіресе, валютамен несие алғандарға байланысты. Өйткені 28 жылда өзіміздің ұлттық валютамыз ондаған есе арзандап, банктердің тілімен



айтқанда жүздеген пайызға құнсызданды. Бұндайға қандай кәсіпкер шыдай алады? Банктер кепілдікке қойылған мүлікті өздерінің ұнаған бағаларына сатып, қалған ақшаны борышкердің мойнына іледі.

Екінші деңгейлі банктер Ұлттық Банктің алдында провизия төлемеу үшін сомаларды өздерінің банктік компанияларына төменгі бағаммен сатады. Бұдан, жеке банкирлерді байытқаннан басқа, мемлекетке түсіп жатқан ешбір пайда жоқ.

Банктер мен микрокредиттік ұйымдар халыққа несие беріп, көмек қолын созады, ал ол ақшаны қайтару кезінде түсіністікпен қарамайды. Өз беделін сақтап, сүттен қам, судан таза күйінде қалады да, халықтан соңғы тиынына дейін сыпырып алуды коллекторларға беріп қояды.

Федор Андреевич Шербин өзінің «Киргизская народность в местах крестьянских поселений» атты жазбасында, қазақтарды – «мұндай бауырмал халық әлемде некен-саяқ кездеседі» – деген анықтама берген. Сол бауырмалдылық қайда? Ал, коллекторлықтың қылықтары баршаға мәлім. Қазіргі таңда олар жанашырлық, қамқорлық білдіретін құндылықтарын сөзден жұрдай болып, қандықтарын да сорақ жұлпы барлап, Қарақшының өзі соңғысын тартып алмаған. Олар әлеуметтік көмек пен зейнет ақыға да қол сұғып отыр. Сонда ол азамат қалай өмір сүрмек? Тек оған шарасыздықтан өз өзіне қол жұмсау ғана қалады. Бұл ащы да болса – шындық.

Кеше ғана Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы

Заңының жобасын қолдадық. Ол заң жобасы қылмыс жасап сотталған адамдарға Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасауға бағытталған. Ал енді, қылмыс жасап сотталғандарға рақымшылық жасап отырған мемлекет – рақымды да бір оқасы оқиғаға ұшырауының салдарынан қаржылық қиындыққа тіреліп отырған азаматтарымызға НЕГЕ қамқорлық жасамасқа? Айтарымыз қарызын төлей алмай қан қақсап отырған жандар да, біздің қоғамымыздың бір бөлшегі емес пе? Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдамадық, тым құрығанда неге оларға да амнистия жасамаймыз?!

Мемлекеттік органдар бір нәрсені түсінуі керек: егер осындай жүйелі проблеманы біздер соған сай жүйелі жолмен шешпесек, яғни, аталмыш Заңды қабылдасасқ – қиын жағдайға ұшырағандар тарапынан бұндай несиелі амнистия туралы талаптар жыл сайын көтеріле де, күшейе береді.

Осыған байланысты, Құрметті Әлихан Асқанұлы, «Ақ жол» Демократиялық партиясының депутаттары:

– Парламентке қарау үшін «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын» тездетіп даярлап, енгізуді,

– Немесе Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты қандай да бір оқыс оқиғаға ұшырауының салдарынан қаржылық қиындыққа тіреліп отырған азаматтарымызға рақымшылық жасауды,

– Және сол Заң қабылданғанша, коллекторлік компанияларды, яғни «заңдастырылған рәкетті» тізіндеуді сұраймыз.

Құрметпен, «Ақ жол» Демократиялық партиясының депутаттары

ТІЛ ТҰҒЫРЫ БЕКІСІН

Біз Қазақстанның солтүстік өңірінде туып-өсіп, тіл трагедиясының небір қасіретін бастан өткерген, әлі де өткеріп келе жатқан буынның өкіліміз. Сол себептен сонау тоқсаныншы жылдардан бері тілге қатысты жасалып жатқан түрлі іс-шаралардың, көтеріліп жатқан мәселелердің, айтылған ой-пікірлердің барлығын шама келгенше қадағалап отырамыз. Бірақ қанша шуласақ та, өткен отыз жылдың ішінде тілімізге қатысты түк те өзгермегені бірімізге аян. (Ескертемін, менің өңгімемнің барлығы Қазақстанның солтүстік аймақтарына ғана қатысты).

Жалпыға белгілі, «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген тек заңнамалық құжатта ғана жазылған сөз. Ал Қазақстанда шын мәніндегі мемлекеттік тіл – орыс тілі. Оны мойындауымыз керек. Егер барлық мемлекеттік іс қағаздары негізінен орыс тілінде ғана пайдаланылса, заңымыз орыс тілінде жазылса, жоғары-төмен деңгейдегі жиналыс, басқосулар орыс тілінде өтсе, негізгі қатынас тілі орыс тілі болса, оны мемлекеттік тіл дегенде не дейміз?

Қазір солтүстік аймақтарда биліктің астуынан жем жеп, «қазақ тілінің жағдайы жақсы» деп жазып жүрген үлкенді-кішілі әріптестеріміз жоқ емес. Есіңізде болсын, бұл жақта қазақ тілінің жағдайы жақсы деген адам – қазақ тілінің жақтаушысы емес, нағыз дұшпаны деп қабылдау керек.

Қарап отырсақ, сонау тоқсаныншы жылдардан бері қарай, күні бүгінге дейін тіл мәселесін талай адамдар көтеріп келе жатыр. Бір ғажабы осы адамдардың барлығын халық «ұлт жанашырлары», «тіл жанашырлары» деп таниды. Бірақ осыншама «жанашыры» бар тілдің жағдайы бір түзелеймей-ақ қойды. Сосын еріксіз ойлайсың, тіл тағдыры деген бүгінде саяси ұпай жинаудың құралына айналып кеткен жоқ па делі...

Жарайды, енді негізгі өңгімеге көшейік. Бүгінде тіл жанашырлары көтеріп жүрген мәселенің бірі – Тіл туралы Заң қабылдау. Биылғы жазда Алматыда өткен бір басқосуда жазушы Смағұл Елубай да «тіл туралы дербес заң қабылдау керек» депті. Бұл жайлы жазушы Дулат Исабеков ағамыз да, басқалар да айтып жүр. Бірақ бұл жаңалық емес, «заң қабылдау» деген отыз жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселе. Әрине, заң қабылдауға ешкім қарсы емес, қабылданды. Арнайы заң керек!

Бірақ... БІРАҚ БҮГІНДЕ ЗАҢ ҚАБЫЛДАЙЫҚ ДЕП ҰСЫНЫС ЖАСАП ЖҮРГЕН АДАМДАР ҚАЗАҚ ТІЛІНІ ШЫН АХУАЛЫНАН БЕЙХАБАР-АУ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. Неге дейсіз ғой?

Біздер осы солтүстік өңірде тұрғасын, қазақ тіліне қатысты кедергілермен күн сайын, сағат сайын беткез кездесеміз. Ол қиындық – қазақ тілінің қолданыста болмауы. Бұл өңірлерде қай жерге барсаң да: қоғамдық орындар, мемлекеттік мекемелер, емханалар, білім ошақтары, кәсіпорындар, қызмет көрсету орындары т.б. барлығында тіл орысша. Және орысша сөйлейтін басқа халық емес, өзіміздің қазақ ұлтының өкілдері. Сондықтан бұндай жерде жерде заңның жұмыс істеп кетпейтіні айтпаса да белгілі.

Мысалы үшін айтайын, дәл қазір күн сайын бір заң шығарып, оны Керекудің, Өкшетаунның, Қызылжардың, Төкештеннің, Қостанайдың, Нұр-Султанның, Қарағандының көшесіне іліп қойсаңыз да, ол заң бәрібір жұмыс істемейді. Неге дейсіз ғой? Себебі қоғамда ол заңға жұмыс істететін мүмкіншілік жоқ. Қазақ тілінде сөйлеуге деген мәжбүрлік жоқ. Сұраныс жоқ. Мәжбүрлік, сұраныс болмаған жерде, тіл туралы он рет заң қабылдасаң да, ол жұмыс істемейді.

Мынаған қараңыз, со-



нау XIX ғасырда қазақ жерін күшпен иемденіп алған патша шенеуніктері мен қазақтардың жергілікті халық жасаған қиянаты жоқ. Мәшһүр Жәсіп жазды: «Көз көрім жерде бір қазақ өтіп бара жатаа, орыс мылтығын ала салып, әлгі сорлыны атып тастап, жайбарақат әрі қарай шәйін ішіп отыра береді» – деп.

Бірақ бір таңқаларлығы, осы басқыншылардың көбі қазақша сөйлей білген. Әрине, қазақтарды сыйлағандықтан емес. Олардың қазақша үйрену себебі, дала қазақтары өз тілінен басқа тіл білмеген. Сөйлесен қазақша сөйлес, сөйлеспесен қой дейді. Сөйтіп жаңағы патша шенеуніктері, әскерилер т.б. амалсыздан қазақша үйренуге мәжбүр болған. Осы мәжбүрлікте біз қазір жасай алмай отырмыз.

Байқап жүреміз, қазақ тілінің проблемасын көтеріп жүрген адамдардың көбі оңтүстік өңірдің тұмалары. Мысалы, Мұхтар Шаханов, Дос Мұшым, Қазыбек Иса т.б. тілді азаматтар. Тіл мәселесін зерделеймін деген адам әуелі солтүстік өңірлерге келіп, тым болмаса бірер жыл тұруы керек. Сонда ғана ол адам бұл жақта құр заңмен түк те шешілмейтінін түсінер еді. Ал енді Алматыда отырып, қазақ тілінің проблемасын шешем деу, ол басы ауырған адамның аяғын емдеумен бірдей.

«Жарайды, заң қабылдағанмен одан көмек жоқ екен, сонда не істеу керек, ақылды болса соны айтышы» – дейсіздер ғой. Ендеше осы жөнінде өз ойымызды білдіріп көрейік. Әрине, бұның бәрі басқадан ақылымызdan тіл трагедиясын бастан кешіп, бүгін де көзіміз көріп отырған соң, айтуға мәжбүрміз.

Қазір көптеген адамдар тіл туралы заң қабылдасақ, латын әліпбиіне көшпек болды, дереу қазақша сөйлеп кетеміз деп шұлақ ойлайды. Және Тіл мәселесі деген өз алдына дербес тұрған жеке проблема деп біледі. Ол тіпті олай емес. Тіл мәселесі қоғамдағы –

әлеуметтік қорғау, мемлекеттік қызмет, білім беру, көші-қон, құқық қорғау, ақпарат тарату, қызмет көрсету, жұмыспен қамту т.б. толып жатқан салалармен тығыз байланысты. Егер осы салалардың бірінен көмек болмаса, тіл ақсайды. Ал бізде қазір бұлардың ешбірінен де тілге деген қолдау жоқ.

СОНДЫҚТАН ТІЛДІ ТҮЗЕУ ҮШІН ЕҢ ӘУЕЛІ ЗАҢ ЕМЕС, МЕМЛЕКЕТТІК ДЕНГЕЙДЕ АРНАЙЫ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМА ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТ!

Енді осыны таратып айтайық. Әрине, бұның барлығы үкіметтік деңгейде шешілетін мәселелер. Және сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ қолға алынатын шаруалар еді. Егер сол кезде тілге қатысты мәселелер дәл осылай қиындамас еді. Сондықтан бұл ұсынысымыз орындалмаса да, ойларыңызда жүрсін деп, құлаққағыс қылып отырмыз.

1. ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Тарих өзі дәлелдеген бір шындық бар: кім көп болса, соның тілі жеңеді. Жоғарыдағы патша шенеуніктерінің еріксіз қазақша үйренуі, осы көптіктің жеңуінің бір мысалы. Тағы бір мысал келтірейін. Кеңес уақытында біздің жақта неміс совхоздары болды. Арасында шамалы қазақ, орыс отбасылары бар. Бір ғажабы, сол ауылдағы қазақтың кемпірлері орысша дұрыс білмесе де, немісшеге судай болатын. Бұл жерде де көптік жеңіп тұр. Олардың азаннан кешке дейін еститіндері немісше, көршілермен отыра алып сөйлесе – немісше, сосын амалсыздан үйренген. Бұдан шығатын қорытынды, егер қазақша сөйлейтін қазақтың қатары көбейсе, тіліміз де түзелер еді деген сөз.

Ал қатарымыз көбею үшін, бала тууымыз керек. Ол үшін мемлекет тарапынан дұрыс әлеуметтік қолдау қажет. Бірақ ол бізде жоқ. Сондықтан халық бала тууға қорқады. Міне, тіл мәселесінің бір ұшы әлеуметтік қорғау қызметіне

тәуелді деп отырғанымыз осыдан. Егер мемлекет тарапынан тым болмаса көршілес Ресейдегідей қолдау болса, қазақ баланы төгейін деп-ақ отыр.

Тағы бір мысал, кеңес уақытында осы өңірде қазақ тілін жоюға ашықтан-ашық саясат жүргізілді. Қала түгілі, ауылдардың өзінде қазақ мектептері жабылып, ауыл балаларына дейін орысша сөйлейтін халге жеттік. Қалалы жерлерде көшеде, не болмаса қоғамдық орындарда қазақша сөйлесен, кез келген орыстиді адам саған ескерту жасап, балағаттайтын.

Бірақ солай бола тұрса да, бұл жақта қазақ тілі жойылып кетпей, сақталып қалды. Оған не себеп дейсіз ғой? Оған себеп болған осы өңірлердегі қазақ ауылдары. Мысалы, орыс аудандары болып саналатын кейбір аудандарда төртеу-бесеуден қазақ ауылы болса, қазағы көп аудандарда 10-15-тен қазақ ауылдары болды. Бұлардың кейбірінде сирек болса да сегізжылдық, кейбірінде онжылдық қазақ мектептері сақталып қалды. Осы қазақ ауылдарындағы әр отбасында кем дегенде бесеуден әйтпесе, 10-12-ден балалар өсіп-өнді. Осылар қазақша оқып, қазақ тәрбиесін алып, Міне, солардың арқасына араласты. Міне, солардың арқасында солтүстік аймақтарда қазақ тілі жойылып кетпей сақталып қалды.

Ал қазір ұлттың генофонды болып саналатын ауылдар азып-тозып кеткен. Халық жан сақтау үшін қалаға жылжып, қолдары жеткендер баспана алып, жетпегендері жетім бұрыш жалап тұрып жатыр. Ауыл қазақтары қалаға келіп, орыстиді ортаға енгесін, олардың балалары да қазақ тілінен күн санап ажырап барады. Яғни жас ұрпақты өзіміз орыстандырып жатырмыз деген сөз.

Тіл проблемасының әлеуметтік салаға тәуелді тағы бір ұшы – жұмыссыздық. Жұмыссыз жүрген адамда дұрыс отбасы, бала-шаға болмасы белгілі. Қараңыз, бұл жақта қазақ ұлтының өкілдерін мақсатты түрде жұмысқа алмайтын кәсіпорындар бар. Мысалы, мен 2011 жылы бұл жөнінде «Жас Алаш» газетіне жазып, осыдан соң Екібастұз қаласының әкімі амалсыздан ел ақсақалдарынан арнайы комиссия шығарған еді. Сонда мыңдаған адамы бар «Богатырь» көмір кенішінде он-ақ пайыз қазақ азаматары жұмыс істейді екен (қазір қалай екенін

білмеймін). Кәсіпорынның кадрлар бөлімінде отырған кілең орыс әйелдері. Мысалы, бірі қазақ, бірі славян ұлтты екі жас жігіт жұмыс сұрап барса, қазақ азаматына сен бара бер деп, ал орыстиді жігітке қала тұр дейді екен. Бұл кәдімгі дискриминация бұл. Бірақ оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Міне, осының себебінен тепсе темір үзетін талай қазақ азаматтары такси айдап немесе 60-70 мың айлықпен күзет жұмысында жүр. Ал өзінің қара басының күйі болмай жүрген адамға тілдің де, діннің қажеті шамалы. Кім жұмыс берсе, соның тілінде сөйлейді, тіпті дінін де қабылдауы мүмкін. Ал әкімдер бұндай ұлтаралық мәселелерден ат-тондарын ала қашады.

Сондықтан, қазақ боламыз, тілді сақтаймыз десек, ең әуелі осындай әлеуметтік мәселелер жөнінде үкіметтің алдына ұсыныс қойылып, одан дұрыс нәтиже шықса, қатармыз көбейер еді, ел еңсесін көтерер еді. Әрине, бұл ұзақ мерзімді процесс. Егер бұл іс-қозғалысты жылдары қолға алынса, бүгінде бәрі басқаша болар еді.

2. БІЛІМ БЕРУ

Бұл енді тілге тікелей жауап беретін сала екені белгілі. Кез келген сәби балабақша мен үйренсе қазақ тілін қалай оқып үйренсе қалған ғұмырында оны қайтсе де есінде сақтайды, ұмытпайды.

Сәбиді қазақ етіп тәрбиелейтін ең бірінші – балабақша. Адам сәби шағында үйренген тілді мәңгілік жадында сақтайды. Бірақ өкінішке орай, қазір үйден қазақша сөйлеп кеткен баламыз, балабақшадан орысша сөйлеп оралады. Яғни балабақшаларда сәбилерді қалай тәрбиелеп жатыр, қандай тілде сөйлейді, онда ешкімнің жұмысы жоқ деген сөз. Тек әйтеуір «қазақша балабақша» деген аты ғана. Облыстық, аудандық, қалалық білім басқармалары бұған әзірше мән беріп отырған жоқ. Әйтеуір «қазақ балабақшасы» деген атау есепте тұрса болғаны. Басқа емес, өзіміздің екі немеремнің тілі балабақшаға барып бұзылды. Бұған қазірден бастап басшылық тарапынан қатаң бақылау жүргізіліп, тәрбиешілер мен балабақша басшылары жазаланба, онда қазақ балабақшасы дегеннің барынан жоғы жақсы. Көптеген балабақшаларда әлі де орыс халқының ертегі кейіпкерлері: Баба яга, Колобок, Емелья т.б. қатысты ойындар ойналады. Ал өзіміздің



ДЕСЕК...

халықтық фольклор кейіпкерлері Алдар көсе, Қожанасыр, Тазша бала т.б. бағдарламада жоқ секілді. Бұған қазірден бастап назар аудармаса, келер ұрпақ тілден біржола қол үзеді деген сөз.

Енді мектептерге келейік. Қазақ мектептерінде үзіліс үстінде балалар тек қана орыс тілінде сөйлейтіні жайлы сан мәрте жазылып жүр. Бұл да мұғалімдердің жауапсыздығы. Оқушы сынып бөлмесінен шыққан соң, мұғалімдердің баламен жұмысы жоқ деген сөз. Оның үстіне, біздің өңірлерде мектеп пен институтты орысша бітірген мұғалімдер қазақ сыныптарында сабақ беріп жүр. Күнделікке мұғалім жазатын қазақ тіліндегі ескертпелердің бәрі қате болатынын талай ата-аналардан естіп жүрміз. Бұл да ескерілетін жайт.

Ол ол ма, қазір кез келген қалада университеттердің филиалдары жұмыс істейді. Ақшасы бар адамдар сол жерде оқыған көбіп, диплом сатып алады. Және көбі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері. Осылардан оқыған балалар не болады сосын? Өзі бір сөйлемді дұрыс жаза алмайтын мұғалім балаға не үйрете алады? Осыған қарап, тілімізді сақтау үшін, қазақ мектептеріндегі қазақ

өңірлерден көшіп келіп жатқан туыстарды да қосуға болады. Әрине, ойлаймыз ғой, қандас бауырларымыз келіп жатса, тілімізге демеу болар еді деп. Бірақ олай емес. Айталық, біздің жақта қоныс аударып келген бес-алты отбасын қиырдағы бір ауылға апарып орналастырады. Бұл былайша айтқанда, құмға құйған су секілді. Себебі екі-үш жылдан кейін қарасаң, әлгі үйдің балалары орысша сөйлеп жүреді. Бұл жерде ол балалар кінәлі емес. Олар да өзінің жүрген ортасына бейімделеді. Жергілікті балалардан кем болғысы келмейді. Сосын амалсыздан орысша сөйлеуге мәжбүр.

Жасыратыны жоқ, қазір қазақ тілін сақтап қалу үшін, басқа мемлекетке кету керек деп жазып жүрміз. Себебі шет елдердегі диаспора тіл мен салт-дәстүрді қатаң сақтайды. Ана бір жылы бір апай айтады: «1997 жылы Омбыдан Павлодарға қоныс аударып келдік. Нейстерімнің бәрі қазақша сөйлейтін еді. Бұл жақта екі-үш жыл тұрғасын, қазақшаны біржола ұмытты» — деп. Міне, солтүстік аймақтардағы қазақ тілінің қолдану деңгейін осы бір мысалдан-ақ байқауға болады.

Көші-қон жөніндегі біздің



тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдер арнайы сынақтан өту керек сияқты.

Тағы бір байқағанымыз, қазір «Алтын белгі» алып жүрген балалардың кейбірімен сөйлесе қалсаң, қазақ тілін шала біледі. Сонда ол қалай үздік атанған? Бұдан шығатын қорытынды, мектептерде қазақ тілі пәніне аса көп мән берілмейді деген сөз. Оқушы негізгі деп саналатын сабақтарды игерсе болды, ал қазақ тілінен еңбек пен дене шынықтыру сабағы сияқты автоматты түрде баға қойыла салатын секілді. Осылай мектеп қабырғасынан туған тілге деген немқұрайлылықты көріп өскен бала қалған ғұмырында оны ешқашан құрметтемейді. Сондықтан «Алтын белгі» алған балаға міндетті түрде қазақ тілінен жеке диктант жаздыратын тәртіп енгізе дейсің.

Бұл да көзіміз көріп жүрген жайттар. Әйтпесе жазбаймын ғой. Бұны да түзету биліктің қолында, сосын жазып отырмын.

3. КӨШІ-ҚОН

Жыл санап аз-аздан болсын қандас бауырларымыз шет мемлекеттерден қоныс аударып келіп жатыр. Бұлардың қатарына арнайы бағдарламамен оңтүстік

ойымыз: Шет мемлекеттен қандастарымызды молынан әкеліп, Ресеймен шекаралас аудандарға көптеп қоныстандырып, барлық жағдайын жасап, оларға өте көтеріңкі көмекжары беріп, жұмысынан қамтамасыз етіп, осы арадан 10-15 жылға дейін ешқашанда көшпейсің, тек бала туындар деген шарт жасаса, туған балаға өте қомақты жәрдемақы бөлінсе дейсің. Сол 10-15 жылда әр отбасында ота есеппен 4 баладан туғанда, қатарымыз біршама көбейіп қала еді.

Бұл да мемлекеттік деңгейде шешілетін шаруа. Біздікі тек осылай болса деген арман ғана...

4. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызметшілердің тілмейтін жайлы сан мәрте жазылып жүр. Қазір өзін көріп жүрген әкімдердің көбі қазақша сөйлемек түгілі, қағазға жазып берген жарты бет мәтінді ежелеп әрен оқиды. Елдің алдына жүрген адамдардың қазақ тіліне деген қарамағы осындай болғасын, қарамағы осындай қызметкерлері тілді құрметтей ме?

Қазір әкімдіктер бір тоқсан немесе бір жыл ішінде «мемлекеттік тілде пәленбай мың дана кіріс-



шығыс құжаттарын өткіздік» деп есеп беріп жатады. Бәрі өтірік. Көзіміз көріп жүр, кез келген құжат екі тілде — орыс және қазақ тілінде жүреді. Ал қызмет барысында тек орыс тіліндегі құжаттар ғана пайдаланылады. Ал қазақ тіліндегі құжат жай ғана қосымша, көз алдау ғана, оған оқымай-ақ қол қоя салады. Сосын пәленбай мың қазақша құжатты пайдаландық деген есеп береді.

Ал егер құжаттар тек қазақ тілінде ғана жүрер болса, онда Қазақстандағы бүкіл министрліктер мен департаменттердің, әкімдіктердің жұмысы біржола тоқтап қалар еді. Өйткені ол жерлерде қазақшаны түсініп пайдаланатын адамдар саналмай ғана. Жағдай осындай болғасын, тіл оңа ма? Мысалы, әкімдіктің лездеме, басқосуларында отырған елдің 90-95 пайызы жергілікті ұлт өкілдері болса да, жиналыс көбінесе орыс тілінде жүреді.

Өзім газетші болғасын, мемлекеттік қызмет жүйелерінен түрлі хабарландырулар, конкурстар, басқардай құжаттар келіп түседі. Барлығы қатерге толы, қалай болса солай жазылған немесе орысшадан сауатсыз аударылған. Бірақ ол үшін кіммен айқайласып жатасың, амалсыздан түзетіп береміз.

Тағы бір айта кететін жайт, республикалық Тіл комитеті деген бар. Аудандар мен облыстарда тілдерді дамыту деген бөлімдер бар. Кәдімгі мемлекеттік мекемелер. Бірақ немен айналысатыны белгісіз. Тіпті көшедегі қатерге толы жарнаманы түзеттіруге шамалары жетпейді. Сонда бұл бөлімдер не үшін керек? Ана бір жылдары осындай бөлімді басқарып жүрген бір азаматтан «жарнаманы қате жазатын кәсіпкерлерді неге жауапқа тартпайсыздар?» деп сұрап едік, бізде ондай өкілеттік жоқ, жай ғана барып ескертеміз деді.

Тілдерді дамыту бөлімдерінің бүгінгі күнгі жұмысы — қазақ тілі курсы жүргізу. Осылар қыркүйек айының басында тілдер күні деп ұлты басқа үш-төрт адамға ұлттық киім кигізіп, бірер ауыз қазақша сөйлетіп, кермет болды деп ақпарат құралдарына беріп жатады. Бұндай ескертпелер менлекеттің қаржысын босқа шашу екенін талай мәрте жазып жүрміз. Оның себебі, біз өзіміз сөйлемейтін тілді, басқа халық ешқашанда үйренбейді. Ол аюға намаз үйреткенмен бірдей. Соны біле тұра, солай істейміз.

Бүгінгі тілді түзейміз десе, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тілге деген көзқарасты түбегейлі өзгерту керек. Бұл да мемлекеттік деңгейде жасалатын шаруа.

5. ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Солтүстік аймақтарда халыққа қызмет көрсету орындарында: халыққа қызмет көрсету орталығы (ЦОН), монша, шаштараз, автокөлік жөндеу, дүкендер, түрлі шеберханалар т.б. тіл орысша. Осының себебінен қызмет алушы мен көрсетушінің арасында түсінбеушілік пен жанжалдар туып, ол әлеуметтік желілердің бетіне шығуы жатты. Бірақ осы кәсіпкерлерге «мемлекеттік тіл — қазақ тілі, сондықтан екі тілде бірдей қызмет көрсету керек» дегенді ешкім ескертпей тұр әзірше.

Бұнымен әзірше көпке белгілі керекулік тіл жанашыры Руза Бейсенбітегі тіл құрбымыз ғана күресіп жүр. Рузаны осы әрекеті үшін бүгінде жақтайтындар да, даттайтындар да бар. Мен өз басым оны қолдаймын. Себебі әр адамның тіл үшін күресуде өзінің таңдап алған құралы, әдісі бар. Руза осындай әдісті таңдаған екен, оған неге қарсы боламыз? Ол басқа емес, тіл үшін күресіп жүр ғой. Сотталса да, мақталса да, датталса да, бәрін бір өзі көріп жатыр. Басқаға тиіп жатқан зияны жоқ.

Бірақ шынымды айтайын, Рузаны аяймын. Оның қазіргі тірлігі қолына екі граната алып, жиырма танкіге қарсы шыққан солдат секілді. Неге дейсің ғой? Себебі қазақты қазақша сөйлемейтін Кебіректе орыстілді адамға барып, сен қазақша сөйле деп талап қойғанмен, одан нәтиже болуы екіталай.

Осы тіл тақырыбы турасында кейде орыстілді ағайындармен пікірталас болуы қалады. Сонда олар: «Сендер қызық халықсындар, ең әуелі өздерің өз тілдерінде сөйлеп, оны құрметтеп үйреніңдерші, сонда біздер ешқандай заң қабылдамай-ақ, өзіміз үйреніп аламыз. Ал сендер қазір өздерің сөйлемейтін тілде басқалар сөйлесін деген талап қоясындар. Бұл адамзат тарихында болмаған нәрсе» — дейді. Рас қой?

Таңқаларлығы, ана бір жылдары Павлодар қаласының атауын және Павлодардың түбіндегі Ленинский кентінің атауын қазақшалайық деген бастама көтердік. Сонда осы ұсынысқа қарсы болғандардың ұштығын көлдеріміз. Ойлаңыз көріңіздерші, жағдай осылай болып тұрғанда, бұл жақта Тіл туралы Заң жұмыс істеп кете ме?

6. АҚПАРАТ ТАРАТУ

Тіл насихаттаудағы басты құралдың бірі — баспасөз. Өкінішке орай, жығылған үстіне жұдырық дегендей, кейінгі жылдары өмірімізге электронды ақпарат құралдары,

қалта телефоны келіп енді. Қазір іздеген жаңалық, ақпаратын халық осы электрондық әлеуметтік желілерден табады. Бұрынғыдай жаппай газет-журнал оқу деген күн санап қалып барады. Енді бізден кейінгі ұрпақ тіпті оқымас бейбілі.

Ақпарат құралдары дегенде, тағы да тіл жанашырларының «заң қабылдайық» деген ұсынысы ойға оралады. Дұрыс-ақ, қабылдайық. Бірақ ол заңды өмірге енгізетін, оны халық қасында қолданса, иене болуы қарағандайтын кім? Ол — жергілікті атқарушы ұйымдар: түрлі деңгейдегі әкімдіктер, тіл бөлімдері, т.б. Бірақ бұлар қолдайды деп ойлайсыз ба? Әрине жоқ! Неге? Себебі оларға жұмыс жүргізуге орыс тілі қолайлы.

Қыраңыз! Қазір солтүстік облыстардағы әр аудан бір-бірден орысша газет ұстайды (кейбір аудандарда екеуден). Олар мемлекеттік сатып алу арқылы, мемлекеттік атқарушы ұйымдардың тапсырысын орындайды. Қазір солтүстік өңірлерде қазақ тілінің аяғына тұсау болып отырған осы орыс тіліндегі газеттер. Түрлі мемлекеттік құжаттар, әкімдіктің қаулы-қарарлары т.б. осы орыс тіліндегі газеттерде жарияланады. Әрине, қазақша газетке де басылады. Бірақ оны ешкім қарап жатқан жоқ. Құжат орыс тілінде шықса болды, оны оқып, түсіну мемлекеттегілердің бәріне оңай.

Біздің ұсынысымыз, егер аудандарда орыс тіліндегі газеттер жабылар болса, әкімдіктер мемлекеттік ұйымдар амалсыздан қазақшаға көшер еді. Барлық құжаттар тек қана қазақ тілінде жарияланар еді. Сөйтіп ақырындап болсын қазақшаға көшіп кетер едік. Сондықтан аудандарда орыс тіліндегі газеттердің шығуын тоқтату керек. Әрине, бұл да мемлекеттік деңгейде шешілетін мәселе. Себебі оның артында үлкен саясат тұр. Сол газетті оқымаса да, «неге жаптыңдар?» деп шулайтын орыстілді қауым бар.

Сонымен тіл турасында қозғай берсек, сөз көп. Өзімізше оймызда жүрген біраз нәрсені айтқан болдық. Халқымызда «батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» деген сөз бар. Кеңес билігі кезіндегі тілдің дерті жабысқалық бір ғасыр болған екен. Сондықтан бұл дерттен құр ғана заң қабылдаумен айыға алмаймыз. Оған жоғарыдағыдай мемлекеттік деңгейде жасалатын кешенді бағдарлама керек деп ойлаймын.

кінәламаймын. Десе де, «бала – адамның бауыр еті» ғой. Алыс ауылда жатып, дәрменсіз шырылдаған біздің дауысымыздың ҚазМУ басшыларына жетпейтініне күйінеміз. Адам баласы түгілі, өрістен бесалты қой жоғалса да ауыл болып шапқылап, сүргінге түсеміз, шопан байғұсты сотқа сүйрейміз. Ал, айкүннің аманында із-түзсіз ғайып болған студенттер үшін жауап беретін біреулер бар ма? Бар болса, бұл оқиғаға ҚазМУ-дың ректорат, партия, комсомол ұйымы қандай баға беріп отыр?».

Жезқазған облысының Жезді поселкесінен жазылған қайғылы ата-ананың хатындағы осы орынды сауалға университет басшылары тұжырымды жауап қайтара алмады. Ал, осы оқу орнындағы тәртіпке тікелей жауап беретін партком хатшысының идеология жөніндегі орынбасары Қ.Жиреншиннің уәжі төмендегідей болды: «Төтенше мәселе партком жиналысында арнайы қаралды. Бүкіл жатақханалардағы кезекшілік тәртібін дұрыс жолға қою туралы



ЖОҒАЛҒАН АРУЛАР

деканаттарға тиісті нұсқау, тапсырмалар берілді. Қазір сол шешімдерді жүзеге асыруды қадағалаудамыз».

Айналасы жұп-жұмыр, тептегіс, ұстатпайтын сөз. Бірден кейін кездесіп сөйлескен кісім – университет кәсіподақ комитеті председателінің орынбасары Алмасбек Түкеев: «Студенттеріміздің жетпіс проценті жатақханамен қамтамасыз етілген. Олардың кешкі тіршілігі мұғалімдердің үнемі қадағалауында. Тәртіп бұзушылар жоқ. Ал, пәтерде тұратындарға біздің күзиретіміз жүрмейді» дегеннен әрі аса алмады. Сосын сауалмен жетеледім:

– Әңгіме студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету жайында емес, басқада болып тұр ғой. Олардың әлеуметтік жағдайы мен жеке басының аманлығын кім қорғайды деген мәселеге тіреліп тұр.

– Студенттер мектеп оқушысы емес, – деді кәсіподақ басшысы да айтқанынан қайтпай. – Бәрі де кәсіпкерлікке толған азаматтар. Өз бастарына толық жауап бере алады. Ал енді қалашықтан тәртіп сақтау жайына келетін болса, тұрақты учаскелік инспекторымыз бар. Жасақшылардың оперативті комсомол отрядтары (ОКОД) жұмыс істейді. Демалыс, мереке күндері мұғалімдеріміз үзбей кезекшілікке шығып тұрады...

Бір қарағанда, бұл дұрыс қой. Кезекшілік, қадағалау, мәдени іс-шаралар өткізу дегеннің бәрі жатақхананың ішіндегі көрініс. Оны көзімізбен көрдік. ОКОД-тың сайдын тасындай екі жүз белсендісі шаш ал десең, бас алуға дайын. «Светті өшір», «музыка қойма деп дикендегенде, жер шайқалады. Бірден келсе де, жер шайқалады. Кіргізеуке бейлі. Ал, жатақхананың сыртындағы жағдайға кім жауап береді?»

«Қазақ университетінде қазақ студенттерінің сан мөлшері 75,8 процентке жетті...» («Известия», 24.01.87.) деген көрсеткіштігі білім жастардың көпшілігі үйсіз-күйсіз, ауылдан келгендер екені айтқызбай-ақ түсінікті. Рас, олардың біразы жатақханада тұру бақытына ие болса, кейбірі

туыстарын сағалап, пәтер жаладап, қаңғырып жүр. Кез келген тетя Машаның, тетя Дашаның ауласындағы сарайды мекендеген екі-үш қара домалақты жолқытырса, не газы жоқ, не суы жоқ лашықта өлместің күнін көріп, жүріп жатыр. Стипендиясының жартысын соған береді. Ал «Хозяйканың» сүйікті иті мұндай лас лашықта тұрмайды. Ваннаға түсіп, жылы жерде жатады. Бұдан өткен қандай қорлық бар қазақ баласы үшін? Студенттерге қоғамның толыққанды мүшесі ретінде, адам сияқты, еліміздің азаматы деп қарайтын күн туа ма, жоқ па?

Желтоқсанда, міне, тура осы мәселе ашық көтерілді емес пе? Арада бірнеше жыл өтсе де, ештеңе өзгермеген. Сол бейшара тірлік. Сол көзқарас. Оған енді келіп қазақ қыздарын ұрлау, қорқытып-үркіту қосылды. Мұның астарында не бар? Ұлтаралық араздық салқынының жалғасы емес пе? Көзінді бақырайтып қойып, іргені шандатып, ойран салып жүрген кімдер? Іңір қараңғысында іргеден бұғып келіп, әлдекімнің әлпештеген аруын кетуге неге үнсіз төземіз?

Көңілде түрлі сауалдар бас көтереді. Қолынан ештеңе келмейтін қағаз жүзіндегі қоғамдық тәртіп сақшыларынан не үміт, не қайыр? Балық үйіріндей жосылып, «Кім не ішті, не желді?» деп, жатақхана бөлмелерін аңдудан, апта құрғатпай үйлестіру кеңесінің көк езу мәжілісін өткізуден пайда қане? Тиіп-қашып кезекшілікке қатысқан болады. Әйтеуір, тұнып тұрған көзбояушылық.

Іздеу дегеннен шығады, алғашқы жоғалған қыз – Райгүлдің денесі 25 күннен кейін (1988 жылдың үш қазанында) университет қалашығындағы көп қалтарыстың бірінен табылған, оны күнделікті мәліметке тәртіп сақшылары сол кезде-ақ тіркеген екен. Бұл не деген немқұрайдылық? Соны орны толмас ірі өкініштерге апарып соқтырған, тосын да қанды оқиғаға ешқандай мән берілмегендіктен, қатардағы ресми хабарламаның тасқынында жұтылып, ұмыт болған. Университет басшылары мұны тіпті естімеген де.

Өкінішке орай, болған оқиғадан тиісті қорытындының жасалынбауы бұдан кейін де (әр айдың 22-сі күндері) бірнеше рет қайғылы жағдайға апарып соқты.

Күнделікті ұсақ-түйек саналатын әлеуметтік-тұрмыстың нәрселерге жете мән бермеуден үлкен қателіктер басталатынына тағы да куә болғандаймыз. Әйтпесе, ҚазМУ қалашығының түнгі көшелерінде жарықтың жоқтығы, студенттерге арнайы маршрутпен жүретін автобустың бөлінбеуі, асхананың бірде ашылып, бірде ашылмауы – ұсақ-түйек пе? Ұсақ-түйек емес. Студенттердің алаңсыз білім алып, оқуы үшін көп нәрсе керек пе? Жоқ. Бұл енді халыққа білім беру мекемесі мен басқа да қоғамдық ұйымдарда отырған жауапты жолдастардың ар-ұятына сын.

Алматыны шулатқан аса қауіпті жауызды іздестіру жұмысы ұзап кетті.

Аштық қысқан 32-ші жыл емес...

Нәубет шалған 37-ші жыл емес...

Аласапыран 41-ші жыл емес...

Негіт күнде, қатарымызда жүрген замандастарымыз – біреудің әкесі, біреудің баласы, біреудің жары, туысы-тумасы із-түзсіз, хабарсыз кетуде. Қалалық ішкі істер басқармасындағы мәліметтерге сүйенсек, бір жылдың өзінде Алматыда жасы әртеректі 808 адам жоғалған, табылғаны – 707 (Мәліметтер Желтоқсан оқиғасынан кейін жинақталғандықтан, 1988 жылдың деректерін алып отырмыз. – Авт.).

Миллионнан астам халқы бар алып қалада әртүрлі кездейсоқ жағдайлар болып тұратыны рас-ау, бірақ жұмыр басты тірі болулары қалашыққа сыймайды-ақ! Құс болып аспанға ұшпаса, балық боп суға кетпесе, «хабарсыз кетті...» дегенге кім сенеді? Адам – ине емес, шөп арасына түсіп табылмайтын. Аты-жөні, отбасы, тұрағы бар, соңында жоқтаушы бар қоғам мүшесі. Әрбір қоғам мүшесінің өмір сүру құқы мемлекетіміз берік қорғайды. Соған қарамастан, хабарсыз кетушілер саны азаймай отыр. Одақ бойынша бір жылда

87 252 адам жоғалып, 69 835-і ғана табылса («Комсомольская правда», 18.03.89), республикамыздың үлесінде – 4975 адам (Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің дерегі. Табылғаны – 4088).

Ал Желтоқсанға қатысы жоқ мына бір мысалдар адам тағдыры ойыншыққа айналған жарымжан қоғамның қаны тамшылаған жарасын дәл көрсетеді. Шымкент облысы, Сайрам ауданы, Совет ауылының Қалдар Т. деген бір жас жұмысшысы 1987 жылдың 3 ақпан күні жора-жолдастарымен бірігіп, әлденені «жуу» үшін мейрамханаға барды. Жастар жүрген жер сауық-сайрансыз бола ма? Ұзағырақ қыдырған достар ертеңінде Қалдардың үйіне бармағанын естиді. Мүлде хабар-ошарсыз кеткен бейбақ сол беті табылмады. Бұдан кейін жоғалған інісін іздеп та ауыл-ауылды, тау-тасты, даланы кезіп жүріп, хабарсыз кетеді. Екі айдан кейін ауыл іргесіндегі тоспадағы судан ағасының мәйіті табылады. Қос бірдей перзентінің тауқыметі ойсыратқан ана жүрегі ауыр сырқатқа шалдығып, Баланың іздеп, көше кезген кейуанын содан бері ашпаған есігі, аттамаған табалдырығы жоқ. Кім кінәлі?

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Төменарық селосындағы бір қайғылы оқиға да еске түседі. Аудан орталығындағы мектеп-интернатта оқитын он бес жасар Құттықсы М. деген бойжеткен 1987 жылы 31 наурызда ауылына қыдырып келіп, өзен жаққа сейілдеп кеткеннен оралмаған. Іздеушілер өзеннің жағасынан оның сырт киімін тапты. Бейкүнә қыздың анасы көлденең көк атты көрінсе алдынан жүгіріп шығып, күнге дейін хабарын сұрап, осы күнге дейін елендеп жүр...

Мұндайдың бәрін тізе берсең, жазуға да, оқуға да ауыр.

Түн. ҚазМУ қалашығының аялдамасында бейсауат жан аз. Қолшатыр ұстаған қос бойжеткен жан-жағына сезіктене қарап, автобус күтіп тағатсыздануда. «Жеті түнде не іздеп шықты екен?» деген мазасыз ой санамызды шарлап өтті.

Күндіз басталған манағы ақ жауын әлі себезгілеп тұр.

Дәл қасымыздан қиқулатып, бебеулетіп, төбесіндегі қызыл жарығы жанып-өшіп, милицияның бірнеше машинасы өтті. Қала сыртына қарай жарыса құйындырып, ұшып барады. Күні кеше ортамызда күліп-ойнап бірге жүрген, бүгін «хабарсыз кеткендердің» тізімінде таңбаланған боздақтардың дерегін іздеп бара ма екен? Әлде...

Алматыдағы хабар-ошарсыз кеткен арулар тағдыры туралы «Хабарсыз кетті деменіз...» деген тақырыппен «Қазақ әдебиетінде» жарияланған бұл мақаладан кейін, ҚазМУ-дың №5 жатақханасында университет басшылары, ішкі істер қызметкерлері, партия, совет органдарының жауапты қызметкерлері қатысқан үлкен жиын өтті. Автор ретінде мен де шақырылдым. Басшылар мақалада айтылған мәселелердің орынды көтерілгенін және ерекше бақылауға алынғанын айтып, алдағы уақытта оң шешіледі деп үміттенді. Әл-Фараби даңғылы жақтан келетін көшеге электр жарығы орнатылыпты. Қалалық партия комитетінің екінші хатшысы Ш.Омаров студенттер үшін орталық пен қалашыққа қатынайтын жеке автобус бөлінгенін хабарлады. Шенеуніктер, милиция басшысы тағы басқа атқарылған ұсақ-түйек шаруалар туралы бірденелерді айтып жатты. Ал студенттерді мазалайтын жалғыз-ақ сұрақ: «Қылмысқа қашан ұсталады?» еді. Оған ешкім нақты еш нәрсе айта алмады. Жауап сұйықтау болды.

Желтоқсанда жүрегі шайлығып қалған ер-жүртің мақаланың қатты әсер еткенін редакцияға жауып кеткен хат тасқынынан білдік. Расы сол. Қазіргідей емес, ол кезде баспасөздегі қоғамдың пікірдің салмағы басым еді.

«Мен өзім ҚазМУ қалашығында тұрып, оқу бітірген кешегі студенттің бірімін. Студенттік жылдарымызда қалашық нағыз туған ауылымыздай болып, ыстық мекенжайға айналып кетіп еді. Жастардың әуелете салған әсем әндері мен жарасымды әзіл-күлкілері ешбір толастамайтын. Енді міне, «Естімеген елде көп», сол мәңгі жастың мекенін әлдебір қарниетті жауыздардың кеш болса-түрілдерінің арасына үрей туғызып, лаң салып жүргенін естідік. Өкінішті-ақ, тым өкінішті!» – деп жазды Жамбыл облысынан «Жаңа өмір» газетінің редакторы Аманкелді Әбілев. «Бұл мақала біздің отбасымыздағы қайғылы бір жағдайдың дертін қозғады, – депті тағы бір хат иесі. Қарағанды облысы, Нура ауданынан Тәтті Жексенбина. Менің Мичурин атындағы совхоз-техникумның агрономия факультетінде оқитын кенже қызым 1987 жылдың 8 мамырында ауылға келе жатып, ұшты-күйлі жоқ болды. Автобусқа отырған дерегі бар, одан арғы тағдыры белгісіз. Бармаған жер, баспаған тауымыз жоқ. Әншейінде қоқиланып жүретін орғандағылар да шарасыздың күй танытты. Басына іс түспесе, қиындық туралы ойламайды екенсің. Және адамдардан тек қана жақсылық күту де қате емес. Бармайтын жауыздық жасайтының 33 күннен кейін айдаладағы өзен жағасынан қызымыздың мәйіті табылғанда білдік. Көзіміздің қарашығындай мәлепел отырған балапанымызды әлден қинапты. Бірақ қанішер қылмысқа әлі күнге дейін табылмайды. Оны жанын салып іздеп жатқан милицияны көрмедік».

(Жалғасы 11-бетте)

1989 жылдың алғашқы айларында ақын, сыншы, ғалым Асқар Егеубаев қызмет орнына арнайы іздеп келіп, «Арман қанатында» (құрастырушысы өзі еді) жинағына шыққан әңгімем туралы жылы пікір айтты. Ол кезде мен республикалық «Ұлан» газетінде қатардағы корректор едім. Асекең бірнеше әдеби-зерттеушілік әрі жыл кітаптары жарық көрген, «Жұлдызда» сын бөлімінің меңгерушісі болып істейтін танымал қаламгер болатын. Былай қарасаңыз, ауылдан енді келген, ешкімді дұрыс танымайтын қаймана қазақпын. Пікірі көңілімді аспандатып тастады. Иман-ның шат болсын марқұмның. Әңгіме үстінде маған прозамен ғана шектелмей, жаңа шыққан замандас жазушылардың кітаптарына рецензия жазу керектігін, сөйтсем шеберлікке шыңдалып, өзімді де танытарыма нандырып, ағалық ақыл айтты.

Көп ұзамай Асекеңнің тапсырмасымен үш жазушының 1988 жылы шыққан кітаптарын оқып, екеуіне рецензия жаздым. Соның бірі М.Байғұтовтың «Нәурызек» жинағын талдаған «Тартымды тағдырлар» деген мақалам «Жұлдыздың» 1990 жылғы №1 санына шықты да, ал М.Құлкеновтің «Үрей» әңгімелер жинағына жазған рецензиямды Асекең дер кезінде басшылардан өткізе алмады ма, әлде өзі басқа жұмысқа ауысып кетіп, сұраусыз қалды ма, әйтеуір сол күйі жарияланбады. Өзім де сол кездерде үйлену, той жасау қамымен жүріп, өкше ізіне түсе қоймаппын. Содан машинкаға басылған екінші данасы жеке мұрағатымда 32 жыл сарғайып жатты. Биыл зерттеулер мен әдеби мақалаларымды жеке жинақ етіп баспаға ұсынғанымда бір әрпін өзгертпей, қайта бастырдым. Енді осы дүниені белгілі жазушы, баспагер Мереке Құлкеновтің 70 жасқа толған мерейтойына орай оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.

Әрбір жазушы өз алдына бір-бір әлем. Суреткердің күш-қуаты мен шеберлік деңгейі сол өзіне ғана тән әлемінің байлығы мен кеңдігіне, көркемдігі мен кемелдігіне қарай бағалана керек. Кейбір елеусіздеу кемшіліктеріне қарамастан, біз сөз еткелі отырған М.Құлкенов әлемі де ішкі сезім иірімдеріне құрылғандығымен, айтар ойын жалаңаштамай, емеурінмен білдіруге, объектісін нақтырақ бейнелеуге бейімділігімен құнды.

Жас автордың алдымен шағын жанрдың қыр-сырын тереңірек меңгеріп алмай тұрып, повесть, роман сынды күрделі жанрлардың жалына жармаса бермейтіні – құптарлық қадам. Соның айғағындай «Үрей» атты топтамасына бірыңғай әңгімелері еніпті.

Шығарманың сәтті, сәтсіз шығуы ең алдымен тақырыпты дұрыс таңдауға байланысты. Өйткені шеберлік шыңына шығып үлгермеген жазушы үшін (аталмыш авторды сол топқа жатқызып отырмыз) өзі толық білетін объектіге ғана қалам тартуы алғашқы үлкен ұтыс. Мереке бұл тұста қателеспепті, көпшілік туындысы өзіне етене таныс қалалықтар өміріне арналған. Әйтсе де осы тақырыптағы әңгімелерінің арасы-

нан «Үрей», «Ақкөңіл», «Жүрек», «Үшінші дауысты» бөле-жара атар едік. Өйткені аталмыш төрт әңгіме қалалықтар өмірін барынша мол қамтып қана қоймай, олардың ішкі қалтарыстарын, мінез ерекшеліктерін айқынырақ аша түскендігімен ерекшеленеді.

«Үрей» әңгімесі «Түннің бір уағында подьезден құлақ тұндырар ащы дауыс естілді» деп басталыпты. Дауыс мысықтың кіп-кішкене баласыныкі еді. Бұл күтпеген оқиға тұрғындарды недәуір әбігерге салды. Автор осыны шап-шағын әңгімесінде жеңіл юмормен шебер айшықтаған. Қалалықтардың сол сәттегі әсіресі қылықтары езуіне күлкі үйірмей қоймайды:

«... Олар әуелі есіктің ішкі жағынан құлақ түріп, тың тыңдасты.

МЕРЕКЕНІНІН «ҮРЕЙІ»: ІЗДЕНІСТЕР, ІРКІЛІСТЕР

Мереке ҚҰЛКЕНОВ. Үрей. Әңгімелер жинағы. А., «Жазушы» 1988.

Есіктеріндегі шынашық басындай көзшелерінен ақырын сығалындай да қояды, міне қояды деп біраз сабыр сақтасты. Кім бірінші есігін ашар екен деп бірін-бірі аңдысты...» Әйтсе де пенделердің әбігерін хайуан қайтсін? Ақыры төзімдері таусылып, шығады-ау бәрі де. Бірақ барлығы жабылып, бір мақұлықтың дауасын таппай, дал болады. Осы сәттегі кейіпкерлерінің сөз саптауы арқылы автор олардың мінез-кейіпін даралаған. «— Осы жасқа келгенше бейбастықтың талайын кездестіріп едік. Бірақ мысықтың баласын подьезге лақтырған көргенсіздікті алғаш көрдім», — дейді анда-санда бір келер немерелерінің «артық-ауыс күлгенін ұнатпай», күнкілдейтін зиялы шал.

«— Сұрамаңыз, бүгінгінің адамдарынан бәрін күтуге болады», — деп қостайды оны «сөйлей жөнелгенде тәмпіш мұрны бірге қозғалатын», «Ұйықтайтын мезгілінен бес минут асырып алса, кірпіктері айқаспай қоятын» жалғызбасты әйел.

«— Осылай таң атқанша кузетте тұру ойларыңда болмаса, бір шара қолданайық...», — деп батырсынған жас жігіттің өзі «жұқпалы ауру» деген сөзден сескеніп қалады.

«— Жолама! Жұқпалы ауру болса, қайтесің!» — дейді жан ұшыра дауыстаған «мейлінше кірпіяз, тазалықты шектен шыға жақсы көретін», «қандай іске де күдікпен кіржіе қарайтын», айлық ақшаның өзін «әдейі алып келген бір парақ қағазбен шымши ұстап, қол сумкасына салатын» келіншек.

Осынау бір-бір ауыз сөздеріне қарап-ақ олардың айналамыздағы пенделердің қай тобына жатарын ажырату қиын емес. Оның үстіне автор подьезд тұрғындарының «әлдекімге мықтап ашуланып» жүргенін, «Бір-біріне тіксіне қарасып, сезіктенетінін», жоктан өзгеден секем алып, «...жұқпалы» деген сөзді естісімен, тіксінісіп, бір-бір адым кейін шегінісіп тұрғанын», т.б. баяндағанда әлгілердің мызғымастай көрінген бет-пердесі сыпырылып, ыздифан

әсіресіпайылықтарының түп-төркіні ашылады. Олардың бәрінен маскүнем әлдеқайда шыншыл, рухани таза, сөзі мен ісі бір жан болып шығады.

«— Өй малғұн! Кет, зиялы адамдардың жүрегін тырналамай!», — дейді де ол таяғымен мысықты ішінен іле лақтырып, подьездің есігін жауып алады. Әңгіме «Салден кейін есіктер сарт-сұрт жабылды.» — деп әсерлі аяқталыпты. Ең бастысы — автор мұнда кездейсоқ оқиғаның жетегінде кетпей, сол оқиға арқылы әсіресіпайылықты, үрғедек сақтықты әшкерелеуді мақсат қылыпты. Және сол мақсатының үдесінен толық шыға білген.

«Ақкөңіл» әңгімесіндегі Айман мен «Үшінші дауыстағы» Қален өзара ұқсас кейіпкерлер. Оларды ортақтастыратын — суық жүріс. Автор «Ақкөңілде» сүттей

ба? Әйтсе де автор белгілі жәйтті тәптіштеуден аулақ. Салдардың себебі қайсы? Ынсапсыздық пен арсыздыққа жол беріп, жағдай туғызып отырған не? Міне, ол оқырманын осының түп-төркініне үнілуге шақырады. Мерекенің меңзеуінше, оған себеп — жалтақтық пен жалпақшешейлік, ынжықтық пен шешімсіздік. Кейбір осындай мінездегі таныстарымыздың көңіліне келмесін деп «ақкөңіл» дей салмаушы ма едік. Қожантай ирониялық кейіпкер болғандықтан, оны жазушы да солай атапты. Бірақ бұдан Қожантайдың шын бейнесі көмескіленбейді.

«Жүрек» әңгімесі тәрбие мәселесіне арналыпты. Бас кейіпкер Сәрсен бала тәрбиесі, адамгершілік, мораль тақырыбына баспасөз беттерінен, теледидардан жүйелі түрде әңгіме жүргізіп,


Ауыл адамдарының өмірі — қазақ прозасымен бірге туып, біте қайнасып кеткен тақырып. Мысал ретінде Ж.Аймауытов пен Т.Жомартбаев, Б.Майлин мен М.Әуезов есімдерін, қазіргі Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, Т.Нұрмағанбетов, т.б. авторларды еске түсірсек жетіп жатыр. Бұл тақырыпты М.Құлкенов те атап өтпейті. Алайда, Мерекенің бұрын-соңғы қаламдастарына айырмашылығы — оны қызық тыратыны — қай-қай мәселенің болмасын моральдық, этикалық жағы. Мұнымызға «Жанбырдан кейін», «Соңғы күн», «Кенже», «Өрттен кейін», «Телевизор» әңгімелері дәлел.

«Жанбырдан кейін» — жинақтың беташары. Шығарма өзегі — семья бірлігі, балалар болашағы, адамгершілік мәселесі. Мұның

осы іске недәуір ден қойған адам. Күн сайын оған алғыс айтып, кеңес сұраған хаттар топырлап келіп жатады. Автобуста бейтаныс жандар ыстық илтифатпен амандасады. Бірақ сөйткен Сәрсен жалғыз ұлының бабын таппайды. Тәрбиелеу былай тұрсын ұлының алдында әке дәрменсіздігін мойындап қойған. Бұл не, «қолда барда алтынның қадірі жоқтың» кері ме, әлде Сәрсен салқын санамен салмақтамай, жүрек сезген буалдыр дүние елесін талшық етіп жүрген бе? Бәлкім, кәдуілгі жұмысбастылық шығар? Қалай болғанда да Сәрсен өзі қолдан жасап алған осынау шырмауықтың сабағындай шырмалған нәрсенің құрбаны. Жазушы суреттеудің ол жүрегінің талмасы ұстап, көшеде құлайды. Арлы-берлі өтіп жатқан жүргіншілер оны «маскүнем» деп елемейді. Тек құлдырандап ойнап жүрген сәби ғана оны танып, шешесіне айтады. Сонда ғана ел-жұрт жиналып, «Жедөл жәрдем» шақырылып, ол аман қалады. Бірақ бұл жағдайды ескере отырып логикалық саралауға жүгінсек, оның көп ұзамай жан тәсілім береріне көз жеткізесіз. «Құрбаны» деуіміздің себебі осы жинақта жоғарыда аталғандарымен үндес, арнайы тоқталуды қажет ететін тағы бірнеше әңгіме бар. Алайда жағдай көтермейтіндіктен оларды қысқаша қарастырамыз. Жазылу тәсілі, көтерген жүгі әр түрлі осы туындылардың арасынан «Қылкөпір» «Іші-сыртыңды түгел түрткілеп, жан-дүниенің қалтарысына мысқалдай да құпия сақтатпай, бәрін көріп-біліп, бағалап тұрған» көз арқылы (қабырғаға ілінген сурет-портрет) нәзік те көрсекызар, әсершіл де әуесқой әйел болмысына бойлай білуімен, «Мазасыз тұн» сүйген, сенген пәк көңілге кірбің кірген сәтті нанымды суреттей алуымен құнды. Ал «Ескерткіш», «Жазылмаған хабар» сынды әңгімелер жекеленген жетістіктеріне қарамастан, солғындау шыққан.

барлығына автор алаңкөңіл Мәрзия кемпірдің көкірек көзі арқылы үніліп, сана саналау арқылы ой жүгіртуді жөн санапты. Кемпірді жағса-тұрса мазалайтыны — былтыр қайтыс болған кенже қызы Айжарықтың намысы, оның қос жетімегінің тағдыры. Күйеу баласының қызына арналған зиратын тұрғызбай, сөзбұйдаға салғаны аздай-ақ, төсек жаңғыртқаны жанына батқан кейуана қызының бұрынғы отауына түтігіп кіреді. Табалдырықтан аттай бере қырағы көзі көлденең жатқан көк шөптің жоқтығын байқайды. Бірақ ашуы тарқамаған кемпір қасақана лас кебісін шешпей, төрге олады, қызының түтінін түтеткен келіншекке әдейі түсіне сөйлейді. Келіншек ибалы, көргенді қылығымен үлкен кісінің жүрегін жібітіп, қателігін өзіне іштей мойындатады... Әңгімені оқып шыққанда көкірегіңде ізгіліктен оты жанып, жүрегінді иба мен әдептің жылы әсері баурап алады. «Іштен шыққан шұбар жыланның» намысын жыртып кәрі көкіректің бұлқынысы, оны қарсы алған иманжүзді келіншектің жүрекжарды қуанышы — бәрі-бәрі өмірдегідей табиғи қалпын жоғалтпапты. Әйтсе де шығарманың композициясындағы олқылық көзге түспей қалмайды. Әсіресе, әңгіменің басқы жағы қарияның күйеу баласының үйіне келгенге дейінгі бөлігін әлі де ширата түссе еш артықтық етпес еді.

Бажайлап оқыған жанға М.Құлкеновтың сәт сайын тіліне жеңіл юморды араластырып отыратынын байқау қиын емес. «Қылкөпір», «Ғашық», «Жазылмаған хабар» әңгімелерінде әр тұстан қылаң берген бұл қасиеті «Соңғы күнде» орныға түсіпті. Әңгімедегі басты тұлға — Сәду. Ол — өзі ісіне шын берілген, біртоға жан. Бар пәле сәби көңіл аңғалдығында, кез келгеннің китүрқы қылығына көне салатын көңілшектігінде болса керек, кейде тіпті күлкілілеу... Шыбын тынышын алғандағы оның мінезін



бел буыпты... Әңгімедегі ғашық жан – Сақтаған есімді қырма сақал жігіт ағасы. Ғашығы – ақын қыз Мақпал. Ғашықтық қарапайым тракторшыға өлең жаздырады, қыздың алдына жетелеп әкеліп, одан дертіне дауа сұратады. Мақпал мұны сезе тұра тек жігіттің творчествосына қамқорлық қылумен тынады. Өйткені сүйіспеншілік бір жақты, Сақтаған тарапынан ғана... Махаббатты арқау еткен шығарма үшін ең бастысы – шынайы сезім десек, ол мұнда бар. Дәлелі – Сақтағанның қырма сақал шағында өлең жазуы, сезімін санасына жемдіре алмай, өзін-өзі ұмытып, сергелденге түсуі. Көрікті байлам, толымды ой әңгімені ширата түсіпті: *«Кейде ұзақ уақыт жүрегіңді тербетіп, дүниедегі ең жақын адамыңа жаныңмен айтайын деген сөзіңді сәтсіз бастап, өкінішіңе тұнығып қала беруге болады екен... Мен секілділер өмірдің мәні неде екенін біліп алмай тұрып, тіршілігіне қажеттің бәрін алуға жанталаса кіріседі екен де, құдайдың бір күні бұған дейінгі қаракеттің барлығы құрдалбаса екенін түсініп, бармағын тістейді... Адам баласына шамдан тыс сезімнің де кеселін тигізетінін соңғы кезде аңғарып жүрмін... мен болашағымды болжамай тұрып, қазығымды бойлата қағып тастаған адаммын.»*

Бір қуанарлығы – автор мұндай түйіндеулерді (мысалдар шығарманың әр жерінен алынды) кейіпкеріне күштеп телмей, оның ішкі бұлқыныстарынан туындатады. Сол себепті шығарма шынайы шыққан. Ең бастысы – әңгімеде күйінш-сүйінші, қуаныш-мұнымен көкейінде жатталып қалар адам бар.

Шығарма көркі – көркем тіл екені даусыз ақиқат. Ендеше жинақтың тілі туралы айтпай кету әбестік. Осы құралды біз үшін ең негізгісі – М. Құлқенов қызыл сөзге құштар емес, қарабайыр, жаргон тілдердің жетегіне де ермейді. Қолданар сөзіне өте сақ, жауапты. Халық психологиясы қабылдай қоймаған ұғымдарға ескі мағынаның қалыбын кигізе салмай, жаңа балама тауып қолдануы, кейіпкері өзге ұлттың өкілі болғанда орысша сөздерді бойдалануы (орыс тіліндегі сөздердің орналасу тәртібін сақтай отырып, қазақша сөйлету), «әсіренкі», «құшынаш», «рабайсыз». т.б. сирегірек айтылар сөздердің өзін тек орнын тауып қана жұмсауы осының айғағы. Сөйте тұра «қоржын бөлме» (дұрысы – қоржын там), «екі иығынан суы кеткен» (екі иығы салбыраған не салы суға кеткен), «ызам ұстап», «намысым ұстап» (жыным ұстап, намысым қозып, ызам ұстап), «барға сүйеніп» (кейіпкер бардың ішінде) сияқты сөз тіркестерін қолдануда асығыстыққа ұрынған. Сөзге сақ жазушы үшін осының өзі кешірімсіз. Келешектегі жаңа жинағында мұндай болмашы кемістіктерге де жол бермес деген сенімдеміз.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ,
жазушы
27 наурыз 1989 жыл.

■ JELTOQSAN JAŃGYRYǃY



АЛМАТЫДА ЖОҒАЛҒАН АРУЛАР

(Басы 8-9-беттерде)

Ашу-ызамен үн қосусылардың арасында Латыш мемлекеттік университетінің студенті Төреғали Батырхановтың хатын кездестірдік: «Елден жырақта жүрсең те, сүйікті «Қазақ әдебиеті» газетін алдырып оқимыз, – деп бастапты ол. – Мақаладағы айтылған студент қыздардың ауыр трагедиясын естіп, жағамызды ұстадық. Егер, еліміздің мақтан тұтағы лайық осында оқу орнындағы жағдай ең басты болып отырса, басқалардікі не со-рым? Бұл оқиға жастар арасындағы қылмыспен күрестің тиімді шаралары алдын ала жүргізілмейтінін ғана емес, қазақ студенттерінің әлеуметтік мәселесі үкімет тарапынан мүлде қалған көрсетеді.»

Мақала жарық көрген соң, екі-үш күннен кейін, Бас редактордың орынбасары Оралхан Бөкеев телефонмен «Тез келіп кет» деп шақырды. «Тағы не боп қалды екен?» деп, жеткенше ойлап бардым. Барсам, кабинетінде Сафуан Шаймерденов, Әлжаппар Әбішев бастаған он шақты ақсақал жазушылар тізіліп отыр екен. Амандастым.

– Мақаланың авторы осы жігіт, – деді Орекен мені иегімен нұсқап. – «Лениншіл жастан» аттай қалап, шақыртып алдық, әзірше бағыты жаман емес.

Бастығы жылы сөз айтқанды кім теріс көрсін, іштей мейіленіп қалсам да, сыр бермеуге тырысып, әңгіменің соның күттім. Ортада бір қырындап отырған Сафекең маған сынай қарады:

– Сен бала, мына жазғандарыңның дерегін толық тексердің бе?

– Әрине, аға, қылмыс тақырыбын тексермей жазуға бола ма екен? – деп, мен де өзіне сауал тастай, материалды қалай жинағанымды қысқаша баяндап бердім. Ақсақалдардың құлағында жүрсін деген оймен, тергеу органдары тарапынан кеткен енжарлықты да сипай қамшылап өттім.

«Бұл сұмдық екен! Он екіде бір гүлі ашылмаған қыздардың ажалы Алладан емес, адамнан келуі ақылға сыймайтын іс. Мұны тоқтаттырмасак болмайды» десті олар бас шайқап.

Осы бәтүадан кейін, ақсақалдардың тапсырмасымен бірнеше қаламгер республика Ішкі істер министрлігіне барып, бұл мәселеге айрықша назар аударуды талап етті. Редакцияға келген хаттар мен мақала да қоса тапсырылды. Министрдің орынбасары Сайлау Серіков газетке жазған жауабында, қылмыс толық ашылғанға дейін қалам ұстаған азаматтардың неғұрлым байыптылық, байсалдылық танытуын сұрапты. Дұрыс қой. Бірақ байсалдылықтың да шегі бар

емес пе? Ел зорлық-зомбылыққа қашанғы шыдайды? Улап-шулап көшеге шығып кетсе, екінші Желтоқсан туып кетпей ме?

Министрліктегілер де осыдан сескенді-ау деймін, университет қалашығын айналдыра құрамында 50 милиционері бар қарулы күзет қойылды. Арнаулы радио қондырғысы, қуатты шамы бар машиналар бөлінді. Нәтижесінде, түн жамылып қыздарға қастандық жасап тұрған қорқақ – 1965 жылы жүген Иван Манджиков деген ұсталды. Ол, тіпті, осы университеттің дәл іргесіндегі микроауданда тұратын келімсектің бірі болып шықты. Жауыздың қолынан қапияда мерт болған жазықсыз арулардың рухы, анырап қалған аналардың омырауға тамған көз жасы жіберсін бе, қандықол қарақшы сотталып, ату жазасына кесілді.

Көп қиындықпен кешігіп болса да, әділеттік орнаған сияқты көрінгенімен, көңілде бәрібір ұмытылмас сөз қалды...

«Құдайдан қорық, пендеден ұял» демеуші ме еді қазақ. «Бұл дүниеде бір-бірінді сыйлаңдар, құрметтендер, ей, пендем!» демеуші ме еді, қасиетті Құранда. Ендеше, өзін имандымын, хақ жолында жүрмін деп санайтын ақ жүректі әрбір пенде осы қағиданы берік ұстауға, ізгілік, мейірімділік сияқты қасиеттерді пір тұтып, барша адамзатқа бауырмалдық танытуға тиіс.

Бірақ бұл «Таспен атқанды аспен ат» деген сөз емес. Оның дәурені баяғыда өткен. Қазір «Сыйға – сый...», «Еруліге – қарулы...» дейтін сесті заман. Өйткені, Құдайдан қорықпайтын, Құранды оқымақ түгілі, қолына ұстап көрмеген, жаһан тілдерінде білім алса да, рухани өспеген, көкірегі көрсоқыр, іші аяр келімсектер манайымызда топ-тобымен жүр. Тістері ақсия күліп, қолтығымызға кіруде. Жымсыя қарап, кең байтақ жерімізге көз тігуде. Енді біреулері ауыл іргесіндегі қорбандыққа аяудай бейбіт жатқан еліміздің тыныштығын аңдуда. Алда-жалда ағайын арасына іріткі түссе, тырнағын батырмасына кім кепіл? Бабаларымыз да, сірә, осыдан кейін «Жау жоқ деме, жар астында...» дегенді айтқан болар.

Иә, ғасырлар бойы аңсаған ұлы Тәуелсіздігіміздің Туы мәңгілік желбіреуін тілесек, еңсесін енді ғана тіктеген еліміздің өскелең ұрпағы кешегі Желтоқсанда жасындай жарқ етіп, қыршынынан қиылған Ләззат, Сәбира, Ұмсынай, Кенжегүлдердің, ғұмыры қызғалдақтай ерте үзілген бейкүнә қыздардың тағдырын құшпасын десек, бізден осы сақтықты ұмытпауымызды тарих талап етеді. «Сақтансан, сақтаймын!» деген көк Тәңірі де.

автор: «Сәду таз ашуын тырнадан алады деп Мәруа» деп күж ете қалды... – деп баяндайды, – ... Үнінен осы үйдің еркегі екендігі бірден байқалады». Сөйте тұра ол балалары мен әйелінің алдында жоқтан өзгеге түксие қалатынына кейде кереметтей ұялады. «Осы мінезді қоюым керек деп ант-су ішеді. Онысын араққа жақындау адамның уәдесі сияқты кейін ұмытып кетеді». Сол Сәду біреумен сөзге келіспей қалса, алдымен өзін қинайды. Себебі кім көрінген жазықсыз айыптап жатса да көкейіндегі сөзі көмейіне кептеліп, аузындағысын айта алмай қалатын өзі. Осы бір мінезін пайдаланып, бастығы Рақым оны оңдырмай жәбірлейді. Ал Сәду жапа шеге тұра бастығының пайдасына өз орнын босатып береді. Өзіне келгенде оның адалдығының құны көк тиын, есесіне басқаларға пайдалы. Өйткені Сәду өмірді күрес деп түсінбейді. Сондықтан ол өз жүрегіндегі әділет лүпілін өзгеге дәлелдей алмайды. Тіпті дәлелдегісі де келмейтіндей... Мұндай дәрменсіздік, содан туған психологиялық окшаулану – адамды ортадан бөлектеп, біртіндеп өмір сүру қабілетінен айырады. Бұл – диалектикалық заңдылық. Авторлық позициядағы мыскыл осыны меңзесе керек.

«Телевизор» әңгімесіне ғұмыр сыйлаған, әр кіргізген – осындай юмор аралас тіл. Әңгіме оқиғасы бірінші жақтан, жасөспірім жеткіншектің атынан баяндалыпты. Мерекені – бала психологиясын меңгерген жазушы. Сондықтан шығарманың етек-жені жинақы, шып-шымыр. Басынан аяғына дейін бір деммен оқылады. «Бала ғой, не білсін?» деп жатпай ма үлкендер. Шын мәнінде солай ма? «... өзінің телемеханикадан мүлдем хабарсыз екенін білмейді дейсің ба, біледі, – деп ойлайды жеткіншек сүйікті әкесінің шарасыз қылығын бақылай отырып. – Әйтсе де самсаған

сымдарды бір қозғап көрмей көңілі көншімейді. Және ештеңе білмейтіндігін сездірмеу үшін бәріміздің жанымызды қуырып, ұрсып болады... Ашуланып келсе, әйтеуір бірдеңеге шұқшиятын әдеті бар еді». Әкесінің шала бүлініп жүруінің себебі – өзін теледидарға түсіріпті, соны бүгін көрсетпекші екен. Экрандағы әке бойыннан жасандылықты сезіп қалған бала «балықшының рөлін ойнап жүрген балықшы секілді» деп түйеді іштей. Теледидарға түсірер алдында аман-саулық сұрасқан ғой, енді экранға шыға келгенде тілшінің қайыра сәлемдесуін әкесі алғашында ұқпай қалады. Осы бір сәтті бала нұмт жібермепті: «Экрандағы папам бір сәт тіліші ағаның бетіне таңдана қарап қалды да, сөйлеу керек екені есіне түскендей біртүрлі сасқалақтағандай рай танытып:

– Амансың ба, телевизор шырақ, – деп... салды.

– Адамға «телевизор» дегенің қай сасқаның, – деді маман не реніп, не аяныш білдірерін білмей.

Бұдан кейін экрандағы папам бізге ұзақ бақырайды.»

Мұндай езу жидырмас мысалдарды шығарманың әрбір тұсынан-ақ келтіруге болар еді, дегенмен бұл «Теңіз дәмі тамшыдан сезіледі» деген қағидаға сүйеніп, бірді-екілі мысалмен шектелуді жөн көрдік. Өйткені жоғарыдағы келтірілгеннің өзі-ақ шығарманың ойнақы да көркем жазылғанына көз жеткізуге жетіп жатыр.

Ендігі бір арнайы тоқталуды қажет ететін дүние – кезінде баспасөз бетінен оқырман қауым жылы қабылдаған «Ғашық» әңгімесі. Махаббат – мәңгілік тақырып, адам сезімінің нәзік қыл-пернелерін дәл баса білу үшін қаламгерге ең алдымен сезімтал жүрек, байқампаз, елгезек көңіл керек екені әмбеге аян. Ол болмаса, махаббат тақырыбы небір атақты, танымал жазушының да оң жамбасына келе бермейді. Осыны сезе тұра Мереке тәуекелге

ПОРА СТАВИТЬ ПАМЯТНИКИ НА РОДИНЕ В КАЗАХСТАНЕ — ПРОМЕТЕЮ, АТЛАНТУ, ПОСЕЙДОНУ И ЙИМЕ-МАЙКЫ...

Одним из самых масштабных и важных проектов нашего независимого государства является программа «Рухани жаңғыру». Эта программа особенно актуальна в наши дни, когда мы подводим итоги за 30 лет Независимости.

Как отметил первый президент РК Нурсултан Назарбаев: «Без сохранения национального кода и национальной культуры не будет никакого возрождения».


Для процветания любого государства важна духовная составляющая. Программа «Рухани жаңғыру» – это возрождение духовных ценностей и самобытных черт казахского народа, это поиск национальной и культурного кода через осмысление исторического прошлого Степи. При этом поиск национальной идентичности «зарыт» в историческом прошлом, как у любого народа. Оказались, подтверждение древности и известности предков казахов, многих казахских родов можно найти в древнегреческих источниках, как повествуется в книге «Триумф Казахии». О прошлом и настоящем Степи в контексте программы «Рухани жаңғыру» и 30-летия Независимости РК, об идее поставить памятники известным персонажам в Казахстане мы поговорили с автором книги, писателем и исследователем Торегали Казиевым. Торегали Казиев – автор книг «Акбулак – прародина скифских царей», «Периферия», «Сердце Мира», «Айналайин, Акбулак», «Триумф Казахии», «Казах держал на плечах Небо», «Во главе Великой Сарматии», «Сапара Матенкызы – казахская Жанна д'Арк» и др.

ТОГЫМ – ПОСЕЙДОН ДРЕВНЕГРЕЧЕСКИХ ЛЕГЕНД

– Торегали Абдуллаулы, изменилось ли восприятие исторического прошлого Степи за годы Независимости?

– 30 лет Независимости дали возможность самим исследовать и писать историю родного народа – до этого нашу историю писали чужие люди в соответствии со своими целями, подчас неблагоприятными. Если о степняках нередко писали, что они ничего не умели делать, как только грабить кого-то, то при внимательном рассмотрении прошлого оказалось, что это не так. Оказывается, считающиеся самими продвинутыми в истории нации относились к нашим предкам как к божествам и титанам!

Знать о достижениях, ошибках, опыте предков надо, чтобы лучше, взвешивая строить настоящее и будущее. На это и направлена программа «Рухани жаңғыру» Елбасы Нурсултана Назарбаева. Хоть туристам будет о чем рассказывать, пока на большее не хватает понимания и



